

## ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР САРАЛАНДЫ

Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары аясында Шэньси провинциясының губернаторы Чжао Ганмен ресми кездесу өткізді.



Жиында тараптар екі өңір арасындағы инвестициялық, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытуға қатысты өзекті мәселелерді жан-жақты талқылады. Әсіресе, өзара тиімді әріптестікті жаңа деңгейге көтеру, бірлескен жобаларды іске асыру және іскерлік байланыстарды нығайту бағытындағы ба-  
сымдықтарға ерекше мән берілді. Тарап-тар өңіраралық ықпалдастықты кеңейтуге және ұзақ мерзімді серіктестікті дамытуға әзір екендігін жеткізіп, нақты бастамаларды жүзеге асыруға мүдделілік танытты.

Сонымен қатар, сапар аясында Ұлытау облысының әкімі Шэньси халықаралық сауда-экономикалық тобына (Shaanxi International Economic and Trade Group) ба-

рып, ұйым басшылығымен кездесті. Бұл қазіргі уақытта провинциядағы ірі мемлекеттік компанияның бірі. 80 толық еншілес және холдингтік ұйымы бар, қызметкер саны 2500-ден асады. Кездесу барысында директорлар кеңесінің төрағасы Ван Тяньсюнмен инвестициялық ынтымақтастықты дамыту, бірлескен жобаларды іске асыру және өзара тиімді әріптестікті кеңейту мәселелері талқыланды.

Жұмыс сапары барысында өңір басшысы Сиань қаласындағы бірқатар стратегиялық маңызы бар нысандарды да аралады. Заманауи өндіріс пен озық технологиялардың даму қарқынына ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, әлемдік деңгейдегі электромобиль, аккумуляторлар және

жанартылатын энергия көздерін өндіруші BYD компаниясының қызметімен танысып, өндірістік әлеуеті мен инновациялық шешімдері зерделенді. Сонымен қатар Сиань қаласындағы құрғақ порттың (логистикалық хабын) инфрақұрылымы жан-жақты қарастырылды. Бұл нысан халықаралық сауда айналымын арттыруда және жүк тасымалын тиімді ұйымдастыруда маңызды рөл атқаратыны атап өтілді.

Айта кетейік, Шэньси провинциясы Қытай мемлекетінің орталығында орналасқан әрі логистикалық хаб жұмысы жоғары деңгейде дамыған аймақ. Кездесу барысында өңірімізде де аталған бағытты дамыту жұмыстары кенінен талқыланды.

Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков өңір тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

## ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ



Бұл жолы қабылдауға бес өтініш тіркелді. Азаматтар көше атауын беру, мектеп құрылысы, тұрғын үйлердің қасбетін жөндеу, көші-қон мәселелері, отемақы алу және жер телімін рәсімдеу бойынша мәселелерін алға тартты. Өңір басшысы әрбір өтініш пен ұсыныстың заң аясында жан-жақты әрі мүқи-

ят қаралуы тиіс екенін атап өтіп, жауапты басқармалар мен қала-аудан әкімдеріне нақты тапсырма жүктелді.

Естеріңізге сала кетейік, Ұлытау облысы әкімінің қабылдауына **8 7102 60 02 96** нөмірі арқылы немесе **E-otinish** ақпараттық жүйесі арқылы жазылуға болады.

## НАҚТЫ ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ

Ұлытау облысына жұмыс сапармен ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров келді. Оның аясында облыс әкімінің төрағалығымен өткен өңірлік инвестициялық штаб отырысына қатысып, аймақтың инвестициялық ахуалы мен басым жобалардың жүзеге асырылу барысымен танысты.



Жиын барысында инвестициялық қызметтің өзекті мәселелері кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, сұйытылған газ өндіру зауытын салу жобасын іске асыру үшін қажетті газ көлемін бөлу мәселесі көтеріліп, шешу жолдары қарастырылды.

Кездесу қорытындысы бойынша облыс әкімі нақты тапсырмалар беріп, жауапты мемлекеттік органдарға инвестициялық

жобаларды уақтылы әрі сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз етуді жүктелді.

Іс-сапар аясында Әлібек Қуантыров өңірдегі бірқатар өндіріс нысанын аралады. Атап айтқанда, «Ютария» ЖШС тігін фабрикасының жұмысы мен «Samadi A group» ЖШС жүзеге асырып жатқан жылдық сыйымдылығы 10 мың тоннаға дейінгі

көкөніс сақтау қоймасының құрылысы таныстырылды.

«Ютария» фабрикасы – кең ассортименттегі тігін өнімдерін шығаратын, 900-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырған заманауи өндіріс орны. Ал көкөніс сақтау қоймасы өңір тұрғындарының азық-түлік өнімдеріне деген сұранысын қамтамасыз ету мақсатын көздейді.



## БОРСЕҢГІР- ТЕРЕКТІ ЖОЛЫ ЖӨНДЕЛУДЕ

Ұлытау ауданына қарасты Борсеңгір – Теректі бағытындағы жолдың 15 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары басталды.

Қазіргі уақытта жобаның алғашқы кезеңі жүзеге асырылып, дайындық және орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жобаны 2026–2027 жылдар аралығында толық аяқтау жоспарланып отыр. Конкурстық рәсімдер нәтижесінде мердігер мекеме анықталып, тиісті келісімшарт жасалды. Бүгінде мердігер компанияға заң талаптарына сәйкес нақты міндеттер жүктеліп, жол құрылысының сапасы тұрақты бақылауда. Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан жұмыстарға қоғамдық бақылау күшейтіліп, тұрғындардың ұсыныс-пікірлері ескерілуде.

Ақтілек АҚТАҢҒЕР.  
(Ақпараттар Ұлытау облысы әкімі баспасөз қызметінің материалдары негізінде әзірленді).

**БАСПАСӨЗ - 2026**

**Ұлытау облыстық «SARYARQA» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр**

⇒ **ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ЖЕТКІЗУ ҚЫЗМЕТІМЕН:**

- 1 жылға - 7000 теңге;
- 6 айға - 4000 теңге.

⇒ **РЕДАКЦИЯДАН КЕЛІП АЛУ:**

- 1 жылға - 5000 теңге;
- 6 айға - 3000 теңге.

⇒ **ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ЖЕТКІЗУ ҚЫЗМЕТІМЕН:**

- 1 жылға - 10000 теңге;
- 6 айға - 6000 теңге.

⇒ **РЕДАКЦИЯДАН КЕЛІП АЛУ:**

- 1 жылға - 8000 теңге;
- 6 айға - 4000 теңге.

**Есепшотқа аудару үшін РЕКВИЗИТТЕР:**

«САРЫАРҚА ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС  
БИН: 050340007333  
ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ, ЕСЕНБЕРЛИН КӨШЕСІ, 63/3  
ИИК: KZ098560000005225027  
«Центр Кредит Банк» АҚ  
БИК: KСJBKZKX  
«Kaspi Bank» АҚ, «Halyk Bank» АҚ  
8 777 890 22 58 Жаннур Т.

**Индекс 65608**  
(жеке тұлғалар үшін),

**Индекс 66608**  
(заңды тұлғалар үшін).

Сондай-ақ, газетімізге «Қазпочта» АҚ бөлімшелерінен жазылуға болатынын хабарлаймыз.

# ЖАҢА ФОРМАТ, ЖАҢА БАСТАМА

Ұлытау облысында өңір журналистерінің басқосуы өтті. Қазақстан Журналистер одағы Ұлытау облысы филиалының төрағасы Эльвира Алпанбаеваның қатысуымен өткен жиында облыстың ақпараттық саласын дамытудың жаңа жоспарлары талқыланды.



Билік пен БАҚ байланысы туралы облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Бақытжан Жайлаубаев баяндады. Журналистерді қолдаудың нақты бағыттарын таныстырып, алдағы жоспарларын және ортаға салды. Кездесуде есеп те берілді, еркін пікір алмасу да орын алды. Журналистер көкейдегі сұрақтарын қойып, ұсыныстарын ортаға салды.

Жылдағы дәстүрге сай журналистика саласының ардагерлеріне «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағы беріледі. Ұлытау облысы бойынша үміткерлердің арасынан таңдау мәсе-

лесі Одақ кеңесіне жүктелді. Камал Смайылов пен Баубек Бұлқышев атындағы журналистер арасында байқау ұйымдастыру жоспарлануда, кездесуде сыйлықтарды тағайындау мен ережелері және сыйақы мөлшері нақтыланды.

Кездесуде Журналистер Одағы жаңа мүшелермен толықты, олардың қатарында Гауһар Наурызбаева, Максим Даренский және Нұрбол Үздікбаев бар. Басқосуда ұйымдық мәселелер де қаузылып, шешімін тапты.

Өз тілшіміз.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ



Экологиялық акцияның басты мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, елді мекендердің тазалығын сақтау және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру. Мұндай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасып, өңірдің көркеюіне өз үлесін қоса бермек.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өңірде сенбілік ұйымдастырылды. Игі шараға Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков қатысып, өңір тұрғындарымен бірге тазалық жұмыстарына атсалысты.

Жалпы сенбілікке 152 ұжым мен 2500-ге жуық адам жұмылдырылды. Сонымен қатар, 65 арнайы техника тартылып, нәтижесінде 420 тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылды. Айналыны көгалдандыру мақсатында 400 түп ағаш отырғызылды.

## КӘСІП ТҮБІ – НӘСІП

Ұлытау облысында кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмыстар өз нәтижесін беруде. Соның бір дәлелі – Жаңарқа ауданына қарасты Бидайық ауылының тұрғыны Нұрболат Бегдешовтің жаңа кәсібі.

Жас кәсіпкер әкім грантының қолдауымен наубайхана ашып, ауыл тұрғындарын нан өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Бүгінде наубайханада күніне 100 бөлкеден астам нан пісіріліп, халық сұранысына ие болуда. Кәсіп иесі 1 500 000 теңге көлеміндегі грант қаражатына қажетті құрал-жабдықтарды толық сатып алып, өндірісті жолға қойған. Сонымен қатар, жаңа нысан екі адамды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік берген. Айта кету керек, 1400-ден астам тұрғыны бар Бидайық ауылы үшін бұл – алғашқы әрі жалғыз наубайхана. Бұл жоба ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына серпін беріп отыр.



## РЕНОВАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ БАСТАЛДЫ



Инвесторлардың қолдауымен Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалаларында апатты деп танылған үйлерді сүріп, жаңа тұрғын үй кешендерін салу жұмыстары кезең-кезеңімен басталады.

Қазіргі уақытта Ұлытау облысының орталығы Абай көшесіндегі төрт үйді қоршау жүргізіліп жатыр. Алдағы он күндікте сүріле бастайды. Ал, Сәтбаев қаласындағы апатты үйлердің жұмысы бір айдың көлемінде басталады деп күтілуде. Жалпы облыста бас-аяғы 120 үй апатты деп танылған.

Актілек АҚТАНГЕР.

(Ақпараттар Ұлытау облысы әкімі баспасөз қызметінің материалдары негізінде әзірленді).

## АЙМАҚ

• СӘТБАЕВ қаласы

### ОРТАЛЫҚ АЛАҢДА – ТЕГІН WI-FI

Сәтбаев қаласының Орталық алаңында енді жоғары жылдамдықтағы тегін Wi-Fi желісі жұмыс істейді. Қала тұрғындары мен қонақтары енді спутниктік интернет жүйесінің арқасында әлеуметтік желілерге еркін кіріп, контент жүктеп, онлайн жұмыс пен оқуларын ешқандай қиындықсыз атқара алады. Бұл – дәстүрлі интернеттен бөлек, жаңа технология – Starlink спутниктік жүйесі арқылы қамтамасыз етілген заманауи байланыс мүмкіндігі.

Бұл қадам – қаланы цифрландыру бағытында маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Алдағы уақытта Сәтбаев қаласының әрбір тұрғыны мен қонағы үшін Интернетке қосылу тек қаладағы қонақ үйлер мен кафе-барларда ғана емес, қаланың барлық қоғамдық орындарында да ыңғайлы әрі қолжетімді болмақ. Қалада Starlink спутниктік жүйесі арқылы жоғары жылдамдықтағы интернетке қосылу мүмкіндігі пайда болды. Бұл жүйе дәстүрлі жерсеріктік байланыстан ерекшеленеді, себебі ол жердегі кабельдер мен басқа да техникалық инфрақұрылымдарды пайдаланбайды. Оның орнына, интернет байланысы ғарыштан – спутниктер арқылы таратылады.

Бұл шешім әсіресе шалғай елді мекендер мен ауылдық жерлерде интернеттің қолжетімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Енді қаладағы Орталық алаңда тұрған адамдар кез келген уақытта жоғары жылдамдықтағы интернетке қосылып, қажетті ақпаратты іздеп, жұмыс жасай алады.

Орталық алаңда іске қосылған тегін Wi-Fi желісінің арқасында сәтбаевтықтар мен қала қонақтары төмендегі мүмкіндіктерге ие болады:

Әлеуметтік желілерге еркін кіре алу – Instagram, Facebook, TikTok сияқты платформаларға қосылып, сүйікті контентіңізді көріп, басқа пайдаланушылармен байланыс орната аласыз.

Видео көру және контент жүктеу – жоғары жылдамдықтағы интернеттің арқасында бейнемазмұнды тегін әрі сапалы көруге болады.

Онлайн жұмыс пен оқуға қолайлы мүмкіндік – қазір қала тұрғындары үшін маңызды онлайн сабақтар мен жұмыс кездесулеріне қатысу үшін қосымша интернет байланысы қажет емес. Жоғары жылдамдықтағы интернет арқылы оқушылар мен студенттер, қызметкерлер мен кәсіпкерлер өз жұмыстарын ешқандай бөгетсіз жүргізе алады.

• ҚАРАЖАЛ қаласы

### ЖӘЙРЕМ КЕН БАЙЫТУ КОМБИНАТЫНА – 50 ЖЫЛ

Облысымыздағы іргелі өндіріс орындарының бірі – Жәйрем кен байыту комбинаты өзінің 50 жылдық мерейтойын атап өтуде. Жарты ғасырлық тарихы бар бұл ірі өндіріс орны бүгінде Қазақстанның металлургия саласының маңызды құрамдас бөлігіне айналған. 2014 жылы «Қазцинк» компаниясының құрамына енген комбинат бүгінгі таңда «Қазцинк» металлургия зауыттарын қажетті полиметалл шикізатымен қамтамасыз етуде.

Жәйрем кен байыту комбинатының негізі 1976 жылы қаланған, бірақ оның алғашқы қадамдары бастапқыда кішкентай болды. Алайда уақыт өте келе комбинат өз қуатын арттырып, қазіргі таңда бірегей өндіріс қуаттарына ие болды. Жарты ғасырлық тарихында комбинат облыс экономикасының тірегіне айналып, мыңдаған адамды тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, әлеуметтік саланы қолдау бойынша үлкен жұмыстар атқарды.

Жәйрем кен байыту комбинатының жылдық жобалық қуаты қазіргі таңда 5 миллион тонна полиметалл кенін өңдеуге жетіп отыр. Бүгінде тәулігіне 10-15 мың тонна кен өндіріледі. Қазіргі заманғы полиметалл байыту фабрикасы 2021 жылы іске қосылды. Оның ашылу салтанатында Қазақстан Республикасының Президенті

Қасым-Жомарт Тоқаев жеке өзі қатысып, жаңа фабриканың жұмысына бастамашы болды. Бұл фабрика қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған және жаңа технологиялардың арқасында өнімділікті арттырып, экологиялық таза өндіріске бағытталған.

Байыту фабрикасы 183 флотациялық машинаны пайдаланады, олардың ықшам өлшемдері мен механикалық араластырғышсыз-ақ жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, фабрика ішіндегі кен өнімін тасымалдауға арналған 42 таспалы конвейер жұмыс істейді. Өндіріс үдерісі бірнеше кезеңнен тұрады, оның ішінде кен үш сатыда ұсакталып, бес кезең бойынша жуылады және байытудың үш әлісінен өтеді. Араласқан кен өнімдері кептіруге жіберіледі.

• ҰЛЫТАУ ауданы

### ЖАБЫҚ БАССЕЙН САЛЫНЫП ЖАТЫР

Асатов көшесі бойындағы жазғы саябақ аумағында құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатқан жаңа жабық жүзу бассейні ауданның спорт саласына үлкен серпін бермек. Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабеков аталмыш нысанның құрылыс барысымен танысып, атқарылып жатқан жұмыстарды қадағалады.

Өткен жылдың соңында басталған жабық бассейн құрылысының жалпы жоспары облыс тұрғындарының салауатты өмір салты мен бұқаралық спортты дамытуға бағытталған маңызды жобалардың бірі ретінде қарастырылуда. Бүгінде құрылыс жұмыстарының 60 пайызы аяқталып, нысанның іргетасы құйылып, қабырғалары қаланып, төбесі толық жабылған. Мердігер ұйым «СК NEW City» ЖШС басшылығы құрылыс жұмыстарын бекітілген кестеге сәйкес атқаруда.

Аудан басшысы Аманжол Мырзабеков құрылыс алаңында болған сапарында, нысанның сапасына ерекше назар аударды. Құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігер мекемеге нысанның ішкі әрлеу жұмыстары, сыртқы абаттандыру және бассейнге қажетті заманауи құрал-жабдықтарды орнатуды сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Аудан әкімінің айтуынша, барлық құрылыс-монтаждау жұмыстары 2026 жыл-

дың соңына дейін толық аяқталып, нысан пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Қазіргі уақытта құрылыс алаңында 30-ға жуық жұмысшы еңбек етіп, олар нысанның құрылысында әртүрлі жұмыстарды үйлесімді атқаруда. Жаңа бассейн ғимараты тек су спортпен айналысуға ғана емес, аудан тұрғындарының дене шынықтыру саласында мүмкіндіктерін арттыруға да ықпал етеді. Бұл жоба аясында, жабық жүзу бассейнімен қатар, келушілерге үстел теннисі мен тренажер залында қаттығулар жасау мүмкіндіктері де қарастырылған. Осылайша, спорт кешені көптеген спорт түрлерін ұсынатын көпфункционалды алаңға айналмақ. Бассейн ғимаратының құрылысы аяқталғаннан кейін, ол Ұлытау ауданының барлық тұрғындары мен жастарға салауатты өмір салтын ұстану мен бұқаралық спортты дамытуға зор мүмкіндік береді.

• ЖАҢААРҚА ауданы

### АУДАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ЖОСПАРЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жақында аудан әкімі Қанат Қожықәевтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес өтті. Кеңеске аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім және мекеме басшылары қатысып, күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады. Кеңес барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоршаған ортаға қатысты бірнеше маңызды бағыттар бойынша баяндамалар тыңдалды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша «Тазасу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры Жәнібек Рыспеков аудан аумағында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндамасын жасады.

Ол мекеменің негізгі қызмет бағыттарына тоқталып, қазіргі уақытта су тазарту және су жүйелерінің жұмысы қалай жүргізіліп жатқанын айтты. Сонымен қатар, Жәнібек Рыспеков алдағы уақытта су жүйелерінің жаңғырту жобалары мен жаңадан салынып жатқан су құбырлары туралы жоспарлармен бөлісті. Аудан тұрғындарының сапалы ауызсуға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында бірнеше маңызды жобалар мен іс-шаралар жоспарлануда.

Кеңес барысында Байдалы би ауылдық округінің әкімі Бауыржан Қалжанов жаңа жұмыс жылына арналған негізгі міндеттер мен басым бағыттарды таныстырып, ауылдық округте жүзеге асырылатын жобалар туралы баяндады. Әкім ауылдың инфрақұрылымын жақсарту, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын көтеру және ауыл шаруашылығын дамыту бойынша атқарылатын шараларды атап өтті. Сонымен қатар, Бауыржан Қалжанов ауылдың экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында қолға алынатын шаралар мен болашақта жүзеге асатын құрылыс жобаларына тоқталды.

Келесі мәселе бойынша аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің басшысы м.а. Нұрдаулет Әбікенов аудан аумағында екі айлық санитарлық-тазалық және абаттандыру жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы хабарлама жасады. Нұрдаулет Әбікенов аудан орталығында және елді мекендерде коқыстарды жинау, көше-көпір мен қоғамдық орындарды абаттандыру, көгалдандыру шараларын жүйелі түрде жүргізу қажеттілігін атап өтті. Сонымен қатар, Жаңаарқа кентінің әкімі Мейрам Қуанышбеков бұл шараларға қатысты атқарылатын жұмыстарды толықтырып, жаңа жобалардың іске қосылатынын мәлімдеді.

Кеңес қорытындысы бойынша аудан әкімі Қанат Қожықәев күн тәртібіндегі мәселелер бойынша нақты тапсырмалар жүктеп, олардың орындалуын бақылауға алуды тапсырды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, экология және абаттандыру жұмыстары бойынша жауапты тұлғаларға атқарылатын жұмыстарды үйлестіру және тиімді орындау міндеті жүктелді. Сондай-ақ, тұрғындармен кері байланыс орнатуды жақсарту және оларды қоғамдық жұмыстарға белсенді түрде тарту тапсырылды.

«SARYARQA» ақпарат.

Биыл 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске 110 жыл толады. Бұл көтерілісті бастауға Орта Азия мен Қазақстан және басқа көптеген облыстарда бұратаналарды «Армияның соғыс жүргізіп жатқан аудандарында қорғаныс құрылыстары мен әскери құрылыстарды салуға алу» туралы патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы сылтау болды. Жарлық бойынша еңбекке жарамды 19 бен 31 жас аралығындағы азаматтардың бәрін қара жұмысқа алу көзделді.

# 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС: ҰЛЫТАУ Өңіріндегі Ескерткіштер

Шілде айының бас кезінде Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік стихиялы наразылықтар басталып, көп ұзамай қарулы көтеріліске ұласты. Көтерілістің ірі ошақтары Жетісу мен Торғайда пайда болды. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды. Бұл көтерілістің басты мақсаты – ұлттық және саяси азаттыққа жету болды.

Көтеріліс дабылы Ұлытау-Жезқазған өңіріне де жетті. Байқоңыр, Қарсақбайдың жұмысшылары, қолөнер шеберлері көтерілісшілер шебінде жазалаушы патша әскерімен айқасып, шеберханаларында қару-жарақ соқты.

Көтерілісшілерге құрмет ретінде Ұлытау облысымыздың қала мен кенттерінде коше атаулары беріліп, ескерткіштер қойылған. Солардың ең ірісі – Аманкелді Иманов, Әліби Жанкелдин

және көтерілісші сарбаздарға арналған ескерткіш. Бұл ескерткіш 1982 жылы ақпанда Жезқазған қаласынан әуежайға шығар жолдың сол жақ бетіне орнатылып, қақталған мыстан жасалған. Авторлары: мүсінші Н.Андреев, сәулетші Қ.Тұрлыбаев, суретші Л. Пак.

Бұл – Жезқазған қаласындағы революциялық тақырыпқа арналған алғашқы ескерткіш.

Екінші ескерткіш Ұлытау ауданы, Аманкелді ауылындағы №3 орта мектебінің алдына қойылған. Ескерткіште А.Иманов малахай бас киімімен және кой терісінен жасалған тон киіп, нығана қылыш асынып бейнеленген. Мүсін ұлутаспен қапталған шаршы тұғырға орнатылған. Тұғырдың оңтүстік жағында «Аманкелді Иманов» деген жазуы бар ағаш тактайша орналасқан.

Ескерткіш бетоннан жасалып, күміспен боялған. Мүсіннің биіктігі – 2,70 м, тұғырдың биіктігі – 1,70 м. Өкінішке қарай, сәулетшісі белгісіз.

Аталған екі ескерткіш те облысымыздың жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген.

Соңғы жылдары өлкеміздің туристік нысанына айналған «Кейкі үңгірі» де 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің көзі. Бұл үңгір – ұлт-азаттық көтерілістің қаһарманы Кейкі Көкембайұлы жасырынған тау қуысы, Ұлытау ауданы Шенбер ауылының солтүстік төскейінде 10 шақырым қашықтықта орналасқан.

1919 жылы 18 мамырда Торғай уезінің әскери комиссары, халық батыры Аманкелді Иманов қазасынан кейін Кейкі батыр қуығына ұшырап, 1919-1922 жылдары Ұлытау, Сарлық, Қараторғай өзендерінің бойында жортып, пана тауыпты. Үңгірде жатып айналасын барлап, жан-жағын бақылап отырған. Көнекөз қариялардың айтуынша, үңгірді жасаған Кейкінің өзі. Қаланған тастардың ортасында мылтық ұңғысына ұқсас орын бар.

Тарихи деректерге сүйенсек, алғаш рет ереуілшілер 1916 жылы Дулығалы мешітінде бас қосып, Аманкелді Имановты бас сардар етіп сайлап, патшаға қарсы көтерілген. Көтерілісшілер ақсарбас шалып, Алладан медет сұраған. Сол кезде шалынған қойдың бас сүйегі бүгінде мешітте сақтаулы.

Көтерілісшілердің штабы болған Дулығалы мешіті Ұлытау ауданында, Ащылы өзенінің бойында, Қарсақбай поселкесінен 130-135 шақырым, Ақтас поселкесінен 83 шақырым жерде орналасқан. Мешіт күйдірілген қызыл кірпіштен, үш бөліктен және мұнарадан тұрады. Мешіт салуда 10-нан аса қалыптағы күйдірілген кірпіштер қолданған. Дулығалы мешіттің құрылысы 1902 жылы басталып, 1906 жылы аяқталды.

Мешітті Құлмұхаммед ишан Арыстанбайұлы салдырған. Ол Аманкелді Имановтың түп нағашысы. Аманкелді кол бастап шығарда нағашы жұртынан киелі жер болып есептелген Дулығалы мешітінде бата алып, жауына аттанды.

Дулығалы мешіті де Ұлытау облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енген. Дулығалы мешітін консервациялау жұмыстары 2011 жылы жүргізілді. 2025 жылы «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ ұсынысымен мешітті қалпына келтіру жұмыстарының ғылыми, жобалау-сметалық құжаттары дайындалып, 2026 жылы қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Жоғарыда аталған ескерткіштер – ортақ тарихымыздың көзі. Алайда,



Аманкелді Иманов, Әліби Жанкелдин және көтерілісші-сарбаздарға арналған ескерткіш

өкінішке қарай, көбісі күрделі жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстарын талап етеді. Биылғы ұлт-азаттық көтерілістің 110 жылдығын пайдалана отырып, тарихи-мәдени мұрамызды бір ретке келтіріп алсақ, жақсы болар еді. Әрине, аталған жұмыстар үлкен қаражатты талап етеді. Бірақ таразының бір үлесінде тарихи-мәдени мұрамыз, екіншісінде қаржы тұрса, мұрамыз сөзсіз басым болатыны анық.

**А. БИРМУХАНОВА,**  
«Мәкен Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балкыту ісі тарихы музейі» КМҚК және «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ-нің ғылыми қызметкері.  
(Суреттер интернет желісінен алынған).



Дулығалы мешіті

Халыққа МӘМС жүйесі арқылы қолжетімді болған жаңа медициналық қызметтерді таныстыру және заманауи әдістердің тиімділігін көрсету мақсатында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Ұлытау облыстық филиалы арнайы пресс-тур ұйымдастырды.



## МӘМС ЖҮЙЕСІНІҢ ИГІЛІГІ

лықпен жасалған келісімшарт көлемі 1 млрд 108 млн теңгеге жетіп, бұл өткен жылмен салыстырғанда 54 млн теңгеге артық. Қаржының өсуі өңірде осы бағыттағы медициналық қызметке сұраныстың артуымен тікелей байланысты. Бөлінген қосымша қаражат заманауи технологияларды енгізуге, күрделі процедураларды қолжетімді етуге және қызмет сапасын одан әрі арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, біраз уақыт бойы мазалған аурудан арылғандардың бірі – Ақнұр Ибраева. 50 жастағы әйел аяқтағы варикоз дертімен 20 жылдан бері күресіп келген. Уақыт тапшылығы мен тұрмыстың қарбаласы оны басқа қалаға баруға мүмкіндік бермеген. Енді үйінен алыстамай-ақ ота жасатып, ұзақ жылдар бойғы сырқатын жеңуге мүмкіндік алды.

Жезқазғандағы бұл жаңашылдық – өңір медицинасында жаңа дәуірдің бастауы. Енді сапалы әрі заманауи медициналық көмек алу үшін алыс қалаларға барудың қажеті жоқ. Бұл – халыққа көрсетілген нақты қамқорлық пен МӘМС жүйесінің тиімділігінің айқын көрінісі.

**Еркебұлан  
ЕГІНБАЙҰЛЫ.**

Журналистер мен қоғам белсенділері Жезқазған медициналық орталығында жаңа мүмкіндіктерді өз көздерімен көріп, дәрігерлердің кәсіби шеберлігімен танысты.

2026 жылдың басынан бастап мұнда қан тамырлары ауруларын емдеудің жоғары технологиялық әдістері енгізілді. Бұрын тек ірі қалаларда ғана жасалатын күрделі ота түрлері енді өңірде қолжетімді болды.

Атап айтқанда, төменгі аяқ пен ұйқы артерияларының атеросклерозын емдеу, аяқтағы варикозды лазерлік әдіспен түзету, жамбас мүшелерінің тамырларына эндоваскулярлық эмболизация жасау сияқты процедуралар қолданысқа енгізілген. Бұл әдістердің ерекшелігі – олар инвазивтілікті азайтумен қатар, науқастың тез сауығуына мүмкіндік береді.

Пресс-тур кезінде Астана қаласынан арнайы шақырылған эндоваскулярлық хирург Евгений Мун жетекшілігімен екі күнде облыстың 21 тұрғынына операция жасалды. Мұндай тәжірибелік көрсетілім – өңірде сапалы медициналық көмектің енді қолжетімді екенін нақты дәлелдеді.

Енді варикоз, варикоцеле, жатыр миомасы, простата аденомасы, диабеттік аяқ сияқты сырқаттарға шалдыққан тұрғындар алысқа бармай-ақ, туған жерінде сапалы ем ала алады. Бұл – уақыт пен қаржыны үнемдеудің үлкен мүмкіндігі.

Мамандандырылған медициналық қызметті дамыту жұмыстары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қаржыландыруымен жүзеге асырылуда. Биыл медициналық орта-

## ІСКЕРЛІК САБАҚ

Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Ұлытау облыстық әмбебап кітапханасы» КММ базасында 2026 жылдың 2-6 наурыз күндері «Кітап қорын толықтыру және библиографиялық қызметті ұйымдастыру мәселелері» тақырыбында іскерлік сабақ өткізілді.



Аталған іс-шараға Ұлытау облысының қала және аудан кітапханаларының кітапханашылары қатысып, кәсіби тәжірибе алмасып, білімдерін жетілдіруге мүмкіндік алды.

Бағдарлама аясында қатысушыларға кітапхана қорының қалыптастырудың негізгі принциптері, құжаттарды іріктеу критерийлері, міндетті дана және сыйға тарту арқылы келіп түсетін әдебиеттерді қабылдау тәртібі, сондай-ақ электронды ресурстармен толықтыру мәселелері жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар, құжаттарды қабылдау және тіркеу, инвентарлық кітап жүргізу, кітап қорының қозғалысын есепке алу және электронды тіркеу жүйесі бойынша тәжірибелік мәліметтер берілді. Іскерлік сабақ барысында кітаптарды ғылыми өңдеу, библиографиялық сипаттама жасау, индекстеу және жүйелеу, шифр беру жолдары қарастырылды. Каталогтарды ұйымдастыру, алфавиттік және жүйелік каталогтармен жұмыс істеу, дәстүрлі және автоматтандырылған каталогтардың ерекшеліктері де кеңінен талқыланды.

Сонымен қатар библиография туралы жалпы түсінік беріліп, оның мақсаты мен міндеттері, библиографиялық қызметтің негізгі бағыттары және қоғамдағы маңызы түсіндірілді. Қатысушыларға библиографиялық көрсеткіштердің түр-

лері, соның ішінде ұсыныстық, тақырыптық және ғұмырнамалық көрсеткіштер туралы мәлімет беріліп, ақпараттық-библиографиялық өнімдер – буклеттер мен ақпараттық бюллетеньдер дайындау әдістемесі таныстырылды. Сабақ барысында библиографиялық анықтамалардың түрлері, виртуалды анықтамалар қызметін ұйымдастыру, онлайн сұраныстарды қабылдау, WEB-RABIS электрондық каталог жүйесінде іздеу жүргізу тәсілдері және өлкетану құжаттарын сандық форматқа көшіру, сканерлеу талаптары, электронды папка қалыптастыру және электронды көшірмелерді библиографиялық жазбаларға тіркеу жұмыстары көрсетілді.

Іскерлік сабақ соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, кері байланыс жүргізілді. Сабақ қорытындысы бойынша қатысқан кітапханашыларға кітапхана басшысы Қайыргүл Тұяқбайқызы арнайы сертификаттар табыстады. Мұндай кәсіби кездесулер кітапхана мамандарының біліктілігін арттырып қана қоймай, саладағы тәжірибе алмасуға да үлкен мүмкіндік береді.

**Ж. ТУКЕНОВА,**  
Ұлытау облыстық әмбебап кітапханасы басшысының орынбасары.

12 СӘУІР – ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІ



# ҰЛЫ МҰРА ЖӘНЕ ҰРПАҚ АМАНАТЫ: ҚАРСАҚБАЙДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ТАҒЗЫМ

*Бұл тағылымды шара «Қазақмыс» корпорациясы Ардагерлер кеңесінің бастамасымен жүзеге асып, Ұлытау ауданы әкімдігі мен облыстық мәдениет басқармасының қолдауына ие болды. Өңірдің өткені мен бүгіні, келешегі тоғысқан жиын мазмұны жағынан да, маңызы тұрғысынан да айрықша сипат алды.*

## ТАРИХ СӨЙЛЕГЕН СӘТ: ҚАРСАҚБАЙДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМНЫҢ ІЗІ

Салтанатты шараның алғашқы бөлімі Қарсақбай кентіндегі тарихи мәдениет үйінің қабырғасына мемориалдық тақта орнатудан басталды. Бұл – кездейсоқ таңдау емес, терең тарихи сабақтастықтың көрінісі.

1926 жылы дәл осы ғимаратта Қарсақбай ауданының құрылғаны жөнінде алқалы жиын өткен. Сол кезеңде өңірге жас геолог болып келген Қаныш Сәтбаев осы мәдениет үйінде жергілікті халықпен кездесіп, Ұлытау–Жезқазған аймағының болашағы туралы алғашқы ғылыми пайымдарын ортаға салған еді. Яғни бұл орын – тек мәдени ошақ емес, қазақ индустриясының бастау бұлағына айналған киелі мекен.

Мемориалдық тақтаның ашылу рәсімінде Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Алмат Сакипов сөз сөйлеп, жиналған қауымды айтулы тарихи оқиғамен құттықтады. Ол өз сөзінде:

– Қаныш Сәтбаевтың осы өңірдегі алғашқы қадамы – тұтас бір индустриялық дәуірдің бастауына айналды. Бү-

гінгі ұрпақ сол еңбектің жемісін көріп отыр, – деп атап өтті.

## МҰРА МЕН МІНДЕТ: ӨТКЕННЕН АЛЫНҒАН ӨНЕГЕ

Іс-шара аясында ардагерлер мен жастардың қатысуымен тағылымды кездесу ұйымдастырылды. Басқосуда ғалымның өмір жолы, ғылыми қызметі және Ұлытау–Жезқазған өңірін дамытудағы тарихи рөлі кеңінен әңгіме арқауына айналды.

Кездесуде сөз алған Қарағанды облысы мен Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, құрметті металлург Төлеген Бүкіров сала тарихына тоқталып, маңызды ой қозғады:

– Қаныш Имантайұлы бізге тек кен орнын ғана емес, тұтас ғылыми көзқарас пен өндірістік мәдениетті аманаттап кетті. Біз сол мұраны ысырап етпей, жүйелі түрде дамытып, келер ұрпаққа жеткізуіміз керек. Бүгінгі күні тек мыс шикізатын өндірумен шектелу жеткіліксіз. Мыс ширатпасынан бастап дайын өнім шығаруға, сондай-ақ басқа да бағалы металдарды игеруге көшу –

уақыт талабы. Бұл қадам өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін береді, – деді.

Ардагердің бұл пікірі жиынға қатысушылар тарапынан қолдау тауып, қазіргі өндірістік саясат пен өңірлік даму стратегиясына қатысты өзекті мәселелердің бірі ретінде бағаланды.

## ҒЫЛЫМ, ӨНДІРІС ЖӘНЕ РУХАНИЯТ ТОҒЫСҚАН КЕҢІСТІК

Мәдениет үйінде ұйымдастырылған көрмеде Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өңірдегі ғылыми қызметі мен мол мұрасы жан-жақты таныстырылды. Архивтік құжаттар, сирек фотосуреттер мен тарихи деректер келушілерге өткен ғасырдың өнегелі кезеңінен сыр шертті.

Шара аясында Қарсақбай мектебінің ауласына ағаш көшеттері отырғызылып, бұл бастама ұрпақтар сабақтастығының символына айналды. Сонымен қатар, Қарсақбай кентіндегі Қаныш Сәтбаевтың музей-үйінде арнайы экскурсия ұйымдастырылып, қатысушылар өңір тарихымен тереңірек танысуға мүмкіндік алды.

Іс-шара қатысушылары сондай-ақ, Жезді кентіндегі Мәкен Төрегелдин музейіне арнайы барып, аймақтың индустриялық даму кезеңдерімен танысты.

## АНАЛИТИКАЛЫҚ ПАЙЫМ: СӘТБАЕВ САЛҒАН САРА ЖОЛ ЖӘНЕ БҮГІНГІ МІНДЕТ

Бұл мерейтойлық шара тек өткенді еске алу ғана емес, бүгінгі даму бағыттарын саралайтын маңызды алаңға айналды. Қаныш Сәтбаевтың Ұлытау–Жезқазған өңіріндегі қызметі – шикізаттық базаны игеруден бастап, ғылы-

ми-индустриялық кешен қалыптастыруға дейінгі жүйелі жұмыстың үлгісі.

Алайда бүгінгі таңда сол мұраны тиімді пайдалану, оны жаңа деңгейге көтеру мәселесі күн тәртібінде тұр. Өңір экономикасы әлі де болса шикізаттық бағытқа тәуелді. Бұл ретте ардагер металлург Төлеген Бүкіров көтерген мәселе – стратегиялық тұрғыдан аса маңызды. Яғни, Сәтбаев салған жолды жалғастыру дегеніміз – тек кен өндіруді ұлғайту емес, оны терең өңдеу, жоғары қосылған құнды өнім шығару, ғылыми инновацияларды өндіріске енгізу. Сонда ғана өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуеті толық ашылады.

*Қарсақбайда өткен бұл тағылымды шара – ұлы ғалымға тағзым ғана емес, келешекке бағытталған ойлы қадам. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың мұрасы – тек өткеннің еншісі емес, бүгінгі және болашақ буынның жауапкершілігі.*

*Ұлытау төрінде жаңғырған осы тарихи сана мен өндірістік ой сабақтастығы сақталған жағдайда ғана өңір жаңа белеске көтеріледі. Ал бұл – ұлттың ұлы перзентіне көрсетілген ең үлкен құрмет болмақ.*

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ



Қанекенді қай қырынан сипаттасак та, атақты адамның мәртебесі одан әрі асқақтай беретіні сөзсіз. Табиғат бір басына аямай үйіп-төгіп бере салған ерекше қасиеттерін жеке-жеке суреттеудің өзі бір кітап болар еді. Қанекеннің ғылым жолындағы терең білімділігі өз алдына, оған көрегендік пен қабілет, отансүйгіштік пен адалдықты қосыңыз. Рухани біліктілігі мен мәдениеті оны халқының мақтанышына айналдырды. Осындай

# ҰЛЫ ҒАЛЫМҒА ҚҰРМЕТ

**Халқымыздың мақтанышы, қазақ ғылымының атасы, академик Қаныш Имантайұлы СӘТБАЕВТЫҢ 12 сәуір туған күні, өзі қандай болса, сондай күннің мол шуағы мен мейіріміне бөленіп ерекше жылылық алып келді.**

тамаша қасиеттеріне Қаныш атаның сырт келбетін қоссақ – оны өмірінің елу жылдан аса уақытын Қ.Сәтбаевтың ғұмыры мен еңбектерін зерттеген жазушы Медеу Сәрсекке кітабының алғы сөзінде тамаша суреттейді.

«Опера және балет театрының фозсі, үзіліс кезі. Қ. Имантайұлының бір топ шетелдіктермен келе жатқанын көріп «қалт» тұра қалдым. Қасындағылардан бойы биік, алпамса денелі, кең иығы, шалқак кеудесі, ерекше бас бітімі, кере қарыс жазық маңдайы «Па, шіркін, тусаң ту!» деп еріксіз таң қалдырғандай, жүзі де жылы нұр шашып, бұйра шашы толқындалып өзгеше тұрпатын даралай түскендей. Ол әлдене жайлы күлімсіреп әңгімелеп, оны меймандар құрметпен қоштап барады... Маған ол сол сәтте адамның алыбы, ерте дүние батыры сияқты, қол жетпес биікте тұрғандай сезіліп еді». Черчилден кейін премьер болған Антони Иден: «Кеңес Одағында Қ. Сәтбаев сынды әлемдік тулғаның туғандығы ғажап құбылыс» – деген бағасына не жетеді.

«Әкеміз бізді шыншылдыққа, әділеттілікке,

адамгершілікке, мейірімділікке, еңбекке, білім-ғылымға баулып, қулық-сұмдық, аярықтан сақтандырды», – деп еске алады ғалымның қызы Шәмшиябану Қанышқызы.

Биыл Ұлы ғалымның 27 жасында Қарсақбай жеріне келіп Үлкен Жезқазғанды ашқанына 100 жыл толып отыр. Қаныш жүрген жол – Қазақстанның қиырында өмір бақи «кезбе» болып кен іздеуге әзірмін» деген осы бір қанатты сөзінен басталады. Ғалымның Жезқазған өңірінде аяқ баспаған жері аз шығар. 1941 жылы Алматыға ғылыми жұмысқа ауысқанға дейінгі 15 жылда қазба байлықтарды ашу жолындағы жанқиярлық еңбегі мен қиыншылықтары бір төбе.

Міне, сол бір тарихи оқиғаларды еске алып Ұлы ғалым Қ. Сәтбаевты ұлықтау жылдан-жылға жалғасын тауып келеді. Әр жылғы өткен іс-шаралардың өзіндік ерекшеліктері болды. Ертректе көзі тірісінде әкесінің жолын қуған Қанекеннің геолог қызы Мейіз Қанышқызы келіп, ерекше бір думан болушы еді. Кейінгі жылдары да немере туыстары келетін. 2023 жылы сәуірде академик

Ә. Марғұлан мен Р. Сәтбаеваның қыздары Дәніел Әлкейқызы және жиені Әділ Жүнісов ақсақал келіп, халық зор қошеметпен қарсы алған еді. Биыл «Қазақмыс» корпорациясы ардагерлері Қ. Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік музейі мен Жезді кентіндегі М. Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту тарихи музейінде болып ауқымды іс-шаралар ұйымдастырды. Қарсақбай мәдениет үйінің ескі тақтасы жаңартылып, жаңа тақтаны Ардагерлер кеңесінің басшысы Т. Бүкіров пен халық әртісі Д. Жанботаев бекітті. Қос музейге ескерткіш сыйлықтар табысталды. Құрметті меймандар сөз сөйлеп, Қаныш Имантайұлының еңбек жолы туралы естеліктер айтылды. Соңы концертке ұласты.

Осындай ауқымды іс-шаралар қос қаламызда да өтіп, қазақ халқының ардақты ұлы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жарқын бейнесі халқының жүрегінде мәңгі қала бермек.

**Жәми ТҮРСЫНБАЙ,**  
«Қазақмыс» корпорациясы  
Ардагерлер кеңесінің мүшесі.



# ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер және оларды шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің ілгері даму бағытын айқындайтын маңызды құжат болды.

Жолдауда баса айтылған маңызды бағыттардың бірі – жасанды интеллектті дамыту мәселесі.

Мемлекет басшысының: «Оскелен ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс» деген ұстанымы – жаңа цифрлық реформалардың өзегінде технология емес, ең алдымен адам тұруы қажет екенін айқындап берді. Бұл – еліміз үшін өте өзекті тұжырым.

Соңғы кездері отандастарымыз жасанды интеллекттің мемлекеттік қызметтерді цифрландыруды жеделдететініне, білім беру сапасын арттыруға ықпал ететініне, сақтау жүйесін жаңғыртуға жол ашатынына, қоғамдық қауіпсіздік пен төтенше жағдайлар мониторингін күшейтетініне ерекше назар аударуда.

Президент Қазақстанды үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналдыруды стратегиялық мақсат ретінде белгіледі. Қазіргі таңда жасанды интеллект – әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан технологиялық бағыттардың бірі. Ол медицина, өнеркәсіп, білім беру, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік басқару сияқты барлық салада қолданылып, адам өмірін жеңілдетуге, тиімді шешімдер қабылдауға үлкен мүмкіндік беріп отыр.

Цифрлық дәуірден қалыс қалу – тек экономикалық емес, мәдени, рухани және саяси тұрғыдан оқшаулануға әкелуі ықтимал. Сондықтан бұл үрдіске тек IT мамандары емес, заңгерлер, кәсіпкерлер, педагогтер, әлеуметтанушылар, сондай-ақ қарапайым азаматтар да белсене қатысуы тиіс. IT саласын дамыту, заманауи

зертханалар ашу, жоғарғы оқу орындарында, мектептер мен колледждерде жасанды интеллект негіздерін оқыту маңызды.

Президент Жолдауы – сенімге серпін. Жасанды интеллектті дамыту – ортақ жауапкершілік. Отандастарымыздың бұл бағыттағы жұмыстарға бүгінде білек сыбана кірісіп кеткенін байқауға болады. Осы ретте айта кететін жағымды жаңалық, осы жылдың күзінде елорда төрінде Astana AI Film Festival дүбірлі шарасы бастау алады. Бұл жасанды интеллект күшімен жасалған кино туындылардың еліміздегі тұңғыш халықаралық додасы болмақ.

Жасанды интеллекттің мүмкіндігінің шексіз екені тағы бір дәлелденіп отыр. ЖИ көмегімен толыққанды фильмдер түсірілуде, соның өнімдерін осы фестивалде көрсетпек. Бұл кино индустриясының жаңа бағыты деген дұрыс. Фестиваль тек киномен шектелмейді. Мұнда технология мен шығармашылық тоғысқан жаңа медиа-көністік пен AI-индустрияның болашағы талқыға түседі. Ең бастысы – жасанды интеллект арқылы түсірілген қысқаметражды фильмдер бәйгесі. Үздік шыққандар 1 миллион доллар жүлде қорын өзара бөліспек.

Бил елімізде Жасанды интеллект және цифрландыру жылы деп жарияланғанына жоғарыда тоқталдық. Соның аясында осындай ауқымды, болашаққа бағытталған жобаларды алдағы уақытта әлі талай көңілді боламыз. «Astana AI Film Festival» шарасы соның бірі болмақ.

# ҰЛТТЫҚ БІРЛІК пен ЖАҢҒЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖАҢА СЕРПІН

Биыл Қызылордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында алты Алашты алаңдатқан мәселелер көтерілді. Ұлттық құрылтай – елдегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді талқылап, нақты шешімдер қабылданатын алаң.

Қызылордадағы алқап жиынына 100-ден аса құрылтай мүшесі қатысты. Әр өңірден келген өкілдер елдің аманатын жеткізіп, қоғамдағы өзекті мәселелерді талқыға салды. Әрбір ұсыныс-пікір хатталып, шешу жолдары қаралды.

Мемлекет басшысы бұған дейін Ұлытауда, Түркістанда, Атырау мен Көкшетауда ұйымдастырылған басқосуларға қорытынды жасады. Төрт жылда құрылтай мүшелері ел өміріне ықпал ететін көптеген маңызды бастама көтерді. Мысалы, ұсыныстар негізінде Құрылтай бастамасымен 26 заң қабылданды. Көпшілікпен талқыланып, тиісті мөрі басылған құжаттар қоғамдағы кеселдерді жоюға, тұрақтылықты сақтауға, еңбек адамдарының беделін арттыруға арқау болды. Жалпы, елімізде Ұлттық құрылтай бастау алғалы азаматтық қоғамның рөлі де арта түсті. Яғни Президенттің халықтың үнін еститін Үкімет қағидасы көрініс тапты. Биылғы құрылтай өзгерістер мен батыл қадамдарға бастайтын жиын болды.

Ұлттық құрылтайдың V отырысынан кейін елімізде маңызды өзгерістер орын алмақ. Мұнда Президент бірнеше ұсынысты тілге тиек етті. Қазақстанда жаңа бірпалаталы Парламент құрылады және оған атау берілді.

«Құрылтай» деген атауды беру қажет деп есептеймін. «Құрылтай» сөзінің мағынасы халқымызға

түсінікті, жақын. Әлемдегі озық тәжірибелерге сүйенсек, депутат санын көбейтудің еш қажеті жоқ. Мәселе санда емес, сапа. Парламентте нағыз отаншыл азаматтар, білікті мамандар отыруы тиіс. Парламенттегі мандат саны 145 болуы қажет деген байламға келдік, – деді Мемлекет басшысы жиын барысында.

Алда маңызды саяси өзгерістер күтіледі. Бір палаталы Парламенттің құрылуы халықтың болашаққа деген сенімін арттырады. Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Президент ел экономикасына серпін беретін ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды тапсырды. Оның ішінде «Қызылорда-Жезқазған» автожолының Ұлытау облысына тиесілі бөлігін салу, сондай-ақ, жылу-электр станцияларын жаңғырту мәселелері бар. Президент көтерген бастамалардың түпкі мақсаты – ел дамуына тын серпін беру.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылым, білім беру, авиация саласы сынды қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты ойымен бөлісті. Сыр еліндегі Ұлттық құрылтай елдің бірлігі мен тұрақтылығын нығайту, қоғамдық келісімді арттыру, мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында маңызды алаңға айналды. Құрылтайда көтерілген мәселелер мен ұсыныстар алдағы уақытта нақты іс-шаралар жоспарына енгізіліп, жүзеге асырылатын болады.

Еркебұлан ЕГІНБАЙҰЛЫ.

## МЕРЕЙ

Ұлытау төрінде қазақ айтыс өнерінің көрнекті өкілі, «Дәридай ақын» атанған Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВТЫҢ 70 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтті. Өңірдің рухани өміріндегі елеулі оқиғаға айналған бұл кеш ақынның шығармашылық жолын саралап қана қоймай, ұлттық өнердің өміршеңдігін тағы бір мәрте айқындады.



# ҰЛЫТАУДА ҰЛЫҚТАЛҒАН ӨНЕР:

## «ДӘРИДАЙ ақынның» ДАРА ЖОЛЫ

Салтанатты шара Жезқазған қаласындағы Серке театрында ұйымдастырылып, «Дәридай-даурен» атты әдеби-сазды кешпен бастау алды. Кештің атауының өзі Мұқаш ақынның өнердегі болмысын, өмірлік ұстанымын айқын аңғартады. Жыр сүйер қауымға арналған бұл кеште ақын шығармашылығынан сыр шертетін өлеңдер оқылып, көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады.

Мерейтой аясында ақынның «Дәридайдың дәптерінен» атты жаңа жыр жинағының тұсауы кесілді. Жинаққа Мұқаш Сейтқазиновтың айтыс сахнасында туған өткір де ұтқыр шумақтары, сондай-ақ әр жылдары жазылған толғанысты өлеңдері енген. Бұл кітап – ақын өнерінің бір бөлесін айқындайтын маңызды еңбек.

Салтанатты кешке Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков қатысып, мерейтой иесіне құрмет көрсетті. Аймақ басшысы өз сөзінде:

– Алпыстан астам аламан айтыста топ жарып, елге «Дәридай ақын» атымен танылдыңыз. Бұл есім бүгінде айтыс өнеріндегі өзіндік брендке айналды. Сіздің шығармашылығыңыз – ұлт руханиятының бай қазынасы, – деп атап өтті.

Облыс әкімі ақынның иығына шапан жауып, 1 миллион теңгенің сертификатты табыстады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Коша-

новтың құттықтау хатын жеткізіп, ыстық ықыласын білдірді.

Мерейтой кешінің мәнін арттыра түскен тағы бір ерекшелік – еліміздің әр өңірінен арнайы келген ақындар мен өнер қайраткерлерінің қатысуы болды. Айтыс өнерінің ардагерлері Серік Құсанбаев пен Айтақын Бұлғаков сахна төріне шығып, мерейтой иесіне жүрекжарды лебіздерін арнады.

Серік Құсанбаев өз сөзінде: – Мұқаш – айтысқа өзіндік өрнек әкелген сирек таланттардың бірі. Оның суырыпсалмалық қуаты мен сөзге деген жауапкершілігі бізге әрдайым үлгі болды. «Дәридай» деген атының өзі халықтың берген бағасы, – деп тебірене сөйледі.

Ал Айтақын Бұлғаков: – Біз айтыстың талай додасында бірге жүрдік. Мұқаштың бір ерекшелігі – қарсыласының осал тұсын тап басып, бірақ ешқашан өнер әдебінен аспайтындығы. Ол – айтыстың мәдениетін сақтап келе жатқан санаулы саңлақтардың бірі, – деп ақынға жоғары бағасын берді.

Кеш барысында белгілі ақын Елена Әбдіқалықова мен Қойлыбай Асанов та сахнаға шығып, жырдан шашу шашып, әріптестеріне деген құрметтерін білдірді.

Мерейтой тек еске алу мен құрмет көрсету шарасы ғана емес, жас буынға бағытталған тағылымды іс-шаралар-

мен де ерекшеленді. Осыған орай, облыс көлемінде Мұқаш Сейтқазинов шығармашылығына арналған жыр оқу байқауы ұйымдастырылып, оның жеңімпаздары салтанатты кеште марапатталды. Жас өнерпаздарға жүзделерді ақынның өзі табыстауы – олардың шығармашылық жолына үлкен серпін бергені анық.

Мұқаш Сейтқазинов айтыс әлеміне өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында «Ұлытау үні» фестивалі арқылы келген болатын. Содан бері ол домбырасыз-ақ суырыпсалма өнердің шыңына шығып, өзіндік колтанбасын қалыптастырды. Жезқазған өңірінің намысын қорғап, талай аламанда топ жарып, ел ықыласына бөленді.

Ақынның шығармашылығы – терең ой мен ұлттық болмыстың үйлесімі. Оның әрбір жыры – заман тынысын дөп басатын, халықтың мұң-мұқтажын жеткізетін шынайы туынды. Осы қасиеті арқылы Мұқаш Сейтқазинов қазақ айтыс өнерінде өзіндік биігін қалыптастырды.

Ұлытау төрінде өткен бұл тағылымды кеш – бір ақынның мерейтойы ғана емес, тұтас ұлт өнерінің мерекесіне айналды. «Дәридай ақынның» дара жолы мен өнегелі ғұмыры жас ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани шамшырақ болып қала беретіні сөзсіз.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

# «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ



Байқаудың негізгі мақсаты – Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасына деген қызығушылықты арттыру, шығармашылығын кеңінен насихаттау, жастардың поэзия мен философияға деген қызығушылығын ояту. Байқауда қатысушылар ақынның өлеңдерін жатқа айтып, әдеби талдаулар жасап, шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

Байқауға Жезқазған, Сәтбаев қалаларынан және Ұлытау, Жаңаарқа аудандарынан барлығы 28 үміткер қатысты.

I кезеңде қатысушылар ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының 20 өлеңін жатқа айтып бақ сынады. II кезеңге өткен 8 үміткер сұрақтарға ауызша жауап беріп, нәтижесінде III кезеңге 5 үміткер жолдама алды. Байқаудың III кезеңінде Шәкәрім өлеңдерінің ішінен көнерген сөздердің мағынасы талданды.

Қазылар алқасының құрамында

Ұлытау облыстық тілдерді дамыту орталығының басшысы – Құрмет Тлеулинов, Жезқазған музыкалық колледжінің оқытушысы – Булғын Кулумбетова және Серке Қожамқұлов атындағы Ұлытау облыстық қазақ музыкалық-драма театрының әртісі Кенжетай Абильдин болды. Қазылар алқасы қатысушылардың көркем оқу шеберлігіне, дауыс мәнеріне, сахна мәдениетіне ерекше көңіл бөлгендігін атап өтті.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлде Ұлытау ауданының қатысушысы Еркенұр Серікжанқызына бұйырды. Ол Астана қаласының Ұлттық академиялық кітапханасында өтетін Республикалық байқауға жолдама алды. I орынды – Асылтас Бағдат (Сәтбаев қаласы), II орынды Ерасыл Нұрлан (Сәтбаев қаласы) және III орынды Айым Амерхан (Сәтбаев қаласы) иеленді. Байқаудың финалы 21 сәуір күні «Ұлттық

Ұлытау облыстық әмбебап кітапханасында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұйымдастыруымен IV республикалық «Шәкәрім оқулары» байқауының облыстық іріктеу кезеңі өтті.

кітап» күні аясында Астана қаласының Ұлттық академиялық кітапханасында өтеді. Бұл байқау – ұлт руханиятының шамшырағы саналатын Шәкәрім мұрасын ұлықтап, оның терең тағылымын жас жүректерге жеткізуді мақсат еткен тағылымды мәдени шара. Ол жас буынның бойында қазақ әдебиетіне деген шынайы сүйіспеншілікті оятып қана қоймай, сөз өнерінің құдіретін сезіндіруге жол ашады. Сонымен қатар, бұл игі бастама өскелең ұрпақтың жан дүниесін байытып, олардың рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтуға қызмет етеді. Шәкәрімнің даналыққа толы ойлары мен көркем туындылары арқылы жастар ізгілік пен парасаттылықтың мәнін тереңірек түсініп, ұлттық болмыстың асыл қасиеттерін бойына сіңіреді. Осылайша, байқау – өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір іспетті, ұлт әдебиетінің мәйегін жас ұрпақтың жүрегіне ұялатып, рухани сабақтастықты сақтауға бағытталған маңызды мәдени алаң.

Ғ. ҒАЗИЗОВА,  
кітапханалардың ісін дамыту және ұйымдастыру бөлімінің басшысы.

# ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ АЛУДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК:

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ АЛАЯҚТАРДАН САҚ БОЛАЙЫҚ

Қазақстандағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі (жүйе) жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша түрі болып табылады. Жүйе шектеулі ынтымақтастық қағидатына негізделген, яғни әлеуметтік аударымдар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (МӘСҚ) жұмыс істейтін халық үшін төленеді. Бұл ретте, олар үшін МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар түскен және әлеуметтік тәуекел жағдайы туындаған адамдар ғана әлеуметтік төлемдерді алушылар болып табылады.

Бүгінгі таңда жүйеге шамамен 7 млн жұмыс істейтін азамат қатысады, жыл сайын 1,3 млн-нан астам адам МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер алады.

Жүйе екі ұзақ мерзімді әлеуметтік маңызы бар төлемді қарастырады – еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша. Бұл төлемдер бюджет қаражаты есебінен төленетін мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады.

Келесі екі әлеуметтік төлем ана мен балалық шақпен байланысты. Мәселен, жұмыс істейтін әйел кірісінен айырылған кезеңде жұктілікке және босануға байланысты, сондай-ақ бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты әлеуметтік төлемдер алады.

Жүйеге қатысушы үшін жұмыстан босатылу себептеріне қарамастан маңызды қолдау болып табылатын жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем. Ол жүйеге қатысушы Мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген жағдайда тағайындалады.

МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексімен және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тиісті құқықтық актілерімен реттеледі. Төлем мөлшерлері әр жүйеге қатысушы үшін жеке есептеледі және тікелей МӘСҚ-ға уақтылы және толық төленген әлеуметтік аударымдарға байланысты анықталады.

Заңнамалық тұрғыдан МӘСҚ әлеуметтік төлемдерді тағайындауға қажетті құжаттар-

дың (мәліметтердің) анықтығын тексеру құқығына ие. Осыған байланысты қажет болған жағдайда тиісті сұраулар мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, төлеушіге және өтініш берушіге жіберіледі. Әлеуметтік аударымдардың МӘСҚ-ға уақтылы және толық түспеуі, сондай-ақ құжаттар мен мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелеріндегі мәліметтердің сәйкессіздігі тексеріске негіз бола алады.

Жалған еңбек қатынастары немесе жалған мәліметтердің ұсынылғаны анықталған жағдайда материалдар құқық қорғау органдарына жіберіледі.

Әлеуметтік желілерде таратылып жатқан МӘСҚ-дан әлеуметтік төлем алуға көмектесуге бағытталған жарнамалық сипаттағы хабарламаларға, соның ішінде бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемді «ұзартып беру» туралы хабарламаларға бөлек назар аударамыз.

Бала күтімі бойынша демалыста отырған әйелдердің жұмыс орны сақталады, осыған орай олардың жұмыссыздар категориясына жатпайтынын атап өткен жөн. Жұмыссыз мәртебесі тек шын мәнінде жұмыс іздеп, оған кірісуге дайын адамдарға беріледі.

Жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тек жүйе қатысушысына, ол жұмыссыз ретінде тіркеліп, тиісті міндеттемелерді орындаған жағдайда тағайындалады. Төлем алушы жұмыспен қамтылғаны туралы Мансап орталығын хабардар етуге міндетті. Жалған мәлімет берілген жағдайда, төленген қаражат заңда белгіленген тәртіппен қайтарылады.

Әлеуметтік төлем алу мақсатында қасакана жалған мәлімет беру алаяқтық ретін-

де бағалануы мүмкін. Әлеуметтік желілерде осындай хабарламаларды тарататын адамдар және осындай істерге қатысатын азаматтар заң бойынша жауапқа тартылуы мүмкін екендігін ескертеміз.

Мысалы, 2025 жылы елдің 12 өңірінде алаяқтық фактілері бойынша 30-дан астам қылмыстық іс қозғалған, ал бес өңірде 7 сот үкімі шығарылған. Азаматтар әлеуметтік желілердегі (Instagram және басқалары) жарнамалық хабарламаларға өтіп, әлеуметтік төлемдерді алу бойынша алаяқтық схемаларға тартылғаны анықталды.

Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында жүйе бойынша қажетті ақпаратты тек ресми дереккөздерден алуға ұсынамыз (электрондық үкіметтің веб-порталы (egov.kz), Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (enbek.gov.kz), МӘСҚ-ның (gfss.kz) ресми сайттары). Сондай-ақ, жеке деректерді, оның ішінде жеке электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін үшінші тұлғаларға бермеу қажет. Кез келген сұрақ туындаған жағдайда 1414 нөмірі бойынша байланыс орталығына хабарласуға болады.

МӘСҚ-дан тағайындалатын әлеуметтік төлемдер заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады және әлеуметтік желілердегі «көмекшілердің» қатысуын қажет етпейді. Саналы көзқарас пен ресми арналарды пайдалану – азаматтардың қаржылық қауіпсіздігінің кепілі.

**Валерия КОРНЕЕВЕЦ,**  
Ұлытау облысы бойынша  
«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиал директоры.



Мемлекеттік қызмет – мәртебе емес, міндет. Ол мансаптың баспалдағы ғана емес, мінездің биігі. Қоғам кейде жүйені ғимаратпен, құрылыммен өлшейді. Бірақ мемлекет – механизм емес, мінез. Ал мінез – жеке тұлғаның ішкі тәртібі мен ішкі тазалығынан басталады.

## ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК

### ҚЫЗМЕТШІ: МІНЕЗДЕН БАСТАЛАТЫН МИССИЯ

Бүгінгі жас мемлекеттік қызметші – жай ғана жаңа кадр емес, жаңарудың жүрегі. Жас буын – өзгерістің жалауы емес, жауапкершіліктің жүгін арқалаушы буын. Жауапкершілік – жүктеме емес, жігердің жаны. Ол лауазыммен келмейді, ол таңдаумен келеді. Күн сайын әділдікті таңдау – үлкен ұстаным. Күн сайын тазалықты таңдау – нағыз табандылық. Таңдау – тұлғаны қалыптастырады. Мемлекеттік қызмет табалдырығын аттаған жас маман ең алдымен өз тағдырын емес, талай тағдырға әсер ететін шешімдер алаңына қадам басады. Сондықтан тазалық – тек жеке қасиет емес, тұтас жүйенің тұғыры.

Адалдық – ардың айнасы. Ар – аппараттан жоғары тұратын ұстаным. Адал шешім аз сөзден, анық ұстанымнан туады. Мемлекеттік қызметте ар-ұят – абстракция емес, әр құжаттың, әр қолтаңбаның артындағы жауап. Себебі билік – ардың сынағы. Бұл ойды әлемдік тәжірибе де дәлелдейді.

Ұлт зиялылары да осы ұстанымды айқын көрсетті. Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету – мінезден» деген еді. Ахмет Байтұрсынұлы халыққа қызметтің негізі білімде ғана емес,

жауапты рухта екенін ескертті. Демек, кәсібилік – қабілеттен, ал елдік – мінезден.

Жүйе жай сөзбен жаңармайды. Жаңғыру жарлықпен емес, жеке жауапкершілікпен басталады. Егер әр жас қызметші өз орнында әділ болса – әділет ұғымы институтқа айналды. Егер сенім салмақпен өлшенсе – мемлекетке деген құрмет күшейеді.

Сондықтан бүгінгі жас буынға қойылар талап айқын: талапты болу, таза болу, табанды болу. Жауапты болу, жігерлі болу, жаңашыл болу. Адал болу, арлы болу, азамат болу.

Мемлекеттік қызметтің болашағы бағдарламаларда емес, буында. Ал сол буынның болмысы – мінезінде. Минуттық мүддеден биік тұрған миссия ғана мемлекетті мықты етеді. Жас мемлекеттік қызметші өз тағдырын таңдаумен қатар, тұтас қоғамның траекториясына ықпал ететінін сезінгенде ғана нағыз елдік басталады.

**Е. ЕРМАХАНБЕТОВ,**  
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы,  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің  
Ұлытау облысы бойынша департамент басшысы.

# ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢІ

Құрметті Жезқазған қаласының тұрғындары мен қонақтары! Ағымдағы жылдың 7 сәуірінен бастап өрт қауіпті кезеңі басталғанын хабардар етеміз. Осы кезеңде саяжай аумақтарында өрт оқиғалары жиі кездеседі. Ескеретін жағдай, қазіргі таңда саяжай аумақтарындағы иесіз қалған саяжай үйшіктері көп кездеседі, ал саяжай иелерінің өрт қауіпсіздік ережелерін ескермей, жаққан отты сөндірмей, жақын маңдағы қоқысты, қамысты және құрғақ шөпті жағып сөндірмей кету салдарынан кең аумақты өртке ұласып кету қаупі болады. Жылдың басынан бастап аумақта 4 саяжай үйшіктерінде өрт фактілерінің жиі орын алуы, қауіптендіретін жағдай.

Өрт оқиғаларын сараптау барысы өрт оқиғаларының 80 процентінің тұрғын-үй жағдайларда, азаматтардың жеке меншігіне тиесілі үйлерде, сонымен қатар, саяжайларда болатынын көрсетіп отыр. Саяжай үйшіктеріндегі орын алып отыратын өрттің басты себебі бұрыннан айтып келе жатқанымыздай, отты дұрыс жақпау, электрлі жылытқыш құралдарын дұрыс пайдаланбау, электр желілерін, электр құралдарын жалғап, құрылымдау кезінде ережелердің бұзылуы және дұрыс пайдаланбау, масаң күйде темекі шегу, балалардың отпен ойнауы, пештің дұрыс болмауы, сондай-ақ, саяжай телімдерінде тиісті күзеттің болмауы болып отыр. Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады. Ағаштан салынған қора-қопсы, тез тұтанатын материалдармен жабылған үйшіктің шатыры өрттің жан-

жаққа тез тарауына ықпал етеді. Саяжай телімдері және ондағы салынған үйлер бүгінгі күннің қауіпсіздік ережелерінің талаптарына жауап бере алмайды. Тұрғын үй мен қосалқы шаруашылық жүргізетін қора-қопсылардың ара қашықтығы тиісті нормаларға сай емес, құрылыс материалдары, басқа да керекті-керексіз заттар үйіліп жатады. Құрылысқа тез тұтанатын материалдарды, үйдің төбесін жабуға көбіне тактай, қамыс, сабан, шыбықтар пайдаланылады.

Сонымен қатар, өртке қарсы сумен қамтамасыз ететін құрылғылар болмайды. Саяжай телімдеріндегі өртті сөндіруге барған кезде кіріп-шығу қиындық туғызады. Кіретін және шығатын жолдарды жайыла өскен талдар, бұталар басып кеткен. Өрт оқиғасына және өрт бола қалған жағдайда оның таралуына жол бермес үшін, міндетті түрде аумақта өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажет. Саяжай қоғамдастығының аумағы таза ұсталы-



нып, қоқыс пен тез тұтанатын заттардан жүйелі түрде әрдайым тазартылып тұруы керек. Тез тұтанатын қалдықтарды арнайы бөлінген аумақтардағы контейнерлер мен жәшіктерде сақтап, кейін аулаққа шығарып тастап отыру қажет. Саяжайшылардың үйшіктерінде, қосалқы шаруашылық құрылыстарында өрт қауіпсіздігі ережелерін білуі және оны өте қатаң сақтау міндетті саналады. Әр саяжай иесі өз аумағын тез тұтанатын қоқыстардан уақтылы тазалап, манайын таза ұстауы, әрқайсысында өрт сөндіргіш құралдары (тығыз материал, құм, су толтырылған шелектер мен бөшке) болуы керек. Сондай-ақ, әр телімде кем дегенде бір өрт сөндіргіш құрал (огнетушитель) болғаны жөн. Өрт оқиғасы орын алмас үшін электр сымдарының, электрлі жылытқыштардың, газ және керосинмен жанатын құралдардың, жылыту пештері мен құралдарының ақауы болмауы тиіс. Оларды қолданған кезде сақтық шараларын ұстану өте маңызды болмақ, ескеретін жағдай, өрт салдарынан өзіңіздің саяжай үйшігіңізге ғана емес, көршілес саяжайлардың аумағына тарап кету қаупі мүмкін. Саяжай қоғамдастығындағы өрт қауіпсіздігінің жауапкершілігі

негізінен саяжай қоғамдастығы төрағасына жүктеледі. Жеке-леген телімдердегі, саяжай үйшіктерінің және басқа да шаруашылық құрылыстарындағы өрт қауіпсіздігін сақтамаған қоғамдастық төрағасы мен телім иелері, олардың қандай да салдары болмасын, заңнамада белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.


Құрметті Жезқазған қаласының тұрғындары мен саяжай иелері, сіздерге елді мекендер мен бақша қоғамдарының аумағында ғимараттар мен құрылыстардан 50 метрден кем қашықтықта қоқыс пен тұрмыстық қалдықтарды жақпаны үшін, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 336-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделгенін ескертеміз. Осыған орай өрт қауіпсіздігі қағидаларын қатаң сақтап, құрғақ шөптермен қалдық коқыстарды арнайы белгіленген орындарда жағу жүзеге асырылатынын мәлімдейміз.

Өрт болған жағдайда міндетті түрде өрт сөндіру бөліміне «101» немесе «112» нөміріне хабарласыңыздар.

**Асылжан ЖАНАБҮЛ,**  
Жезқазған қаласы  
ТЖБ бас маманы,  
азаматтық қорғау  
аға лейтенанты.

## СӨЗЖҰМБАҚ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ



**КӨЛДЕНЕҢНЕН:** 6. Бабырдың немересі. 8. Ота дәрігері. 9. Хрустальдің қазақша аты. 11. Алматы өңіріндегі шилі мекен. 12. Конгоның саласы. 13. Дәруменді жеміс. 14. Ток өткізетін аспап, прибор. 15. Әскери ... жазылды ба? 18. Ресей мемлекетінің органы. 20. Күш, жігер (синоним). 23. Литва ақыны. 24. Мұсылман елінің бірі. 25. Адам организмі. 26. Қазақстан санаторийі. 27. Қарағанды облысындағы өзен әрі аудан. 30. Өзбектің тағы бір аты. 32. Орталық Қазақстандағы табиғаты әсем жер. 35. Туған, өскен еліміз. 36. Дәнді дақыл. 37. Балалар ойыны. 39. Әдет-ғұрып, сенім. 40. Гректің үшінші әрпі. 41. Үнділік жаяу "таксист". 42. Ғарыш кемесінің бірі.

**ТІГІНЕН:** 1. Солтүстіктің үйрегі. 2. "Sony" фирмасын кім құрды? 3. Генератор сымдары. 4. Аттының (Еділ қаған) әкесі. 5. Ұлттық тағам. 7. Теңіздің жағалау арқылы бөлінген бөлігі. 10. Сабын жасалатын өсімдік. 15. Газет, теледидар арқылы затты таныстыру. 16. Қызыл қанатты өзен балығы. 17. Ауылдың сыйлы, қадірлі кісісі. 18. Факультет басшысы. 19. Капитаннан кейінгі өзен әрі аудан. 21. Якуттың үйі. 22. 70-жылдардың биі. 28. Шаштағар құралы. 29. Қойдың ауруы. 30. Босфор бұғазындағы қала. 31. Спорт семсері. 33. Қамыс күрке. 34. Қобышты Дүкенұлының өсімі. 38. Өңір, аймақ, аудан (синоним).

**ГАЗЕТТІҢ № 11 (8474) САНЫНДАҒЫ СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ:**  
**КӨЛДЕНЕҢНЕН:** 1. Астрономия. 9. Ақбар. 10. Параболограф. 12. Үзік. 13. Рахит. 14. Мамыр. 17. Алдияр. 19. Аламан. 20. Тос. 22. Уәде. 23. Моноплан. 25. Рурк. 26. Ваер. 27. Шабал. 29. Ителгі. 31. Эдо. 32. Сақкетті. 35. Инжіл. 37. Акежан. 38. Брондтауж. 39. Ева. 40. Атаман. 41. Қиын. 42. Арай.

**ТІГІНЕН:** 1. Аспирантура. 2. Тарих. 3. Орбит. 4. Миома. 5. Якр. 6. Раф. 7. Абыз. 8. Брокер. 11. Айран. 12. Үндеу. 15. Монополист (синоним). 16. Бағота. 18. Яндиев. 21. Стратосфера. 24. Архей. 26. Вагонетка. 27. Шлак. 28. Беде. 30. Бұлажай. 31. Эспада. 33. Кенен. 34. Табақ. 36. Инан.

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ:**

Ұлытау облысы Төтенше жағдайлар департаменті,  
Жезқазған қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы, 8 (7102) 72-12-64.

ДҮЙСЕНБІ 13 СӘУІР

QAZAQSTAN  
5:35 «Көңіл толқыны». 6:00 «Күйеу бала». 7:00 «Таңшолпан». 9:00 «Қыздың жолы». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Сезім мен серт». 12:10 «Қызық екен...». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Жат бауыр». 14:15 «Апта». 14:55 «Ақорда». 15:10 «Сағындырған әндер-ай». 15:40 «Жаңа қоныс». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:30 «Гүлдер сыр». 21:25 «Қыздың жолы». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 0:10 Ақпарат. 0:40 «Қазір айтайық». 1:30 «Ашық алаң». 2:15 «Күйеу бала». 3:05 «Қызық екен...». 3:45 «Сағындырған әндер-ай».

СЕЙСЕНБІ 14 СӘУІР

QAZAQSTAN  
5:35 Ақпарат. 6:10 «Күйеу бала». 7:00 «Таңшолпан». 9:00 «Қыздың жолы». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Сезім мен серт». 12:10 «Қызық екен...». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Менің Фаризам». 14:20 «Бас тігу» д/ф. 14:50 «Сағындырған әндер-ай». 15:40 «Жаңа қоныс». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:30 «Гүлдер сыр». 21:25 «Қыздың жолы». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 0:10 Ақпарат. 0:40 «Қазір айтайық». 1:25 «Ашық алаң». 2:15 «Күйеу бала». 3:05 «Қызық екен...». 3:45 «Сағындырған әндер-ай».

ХАБАР  
05:00 «Фатмағұл». 07:00 «Ояң!». 09:00 «На-

СӘРСЕНБІ 15 СӘУІР

QAZAQSTAN  
5:40 Ақпарат. 6:10 «Күйеу бала». 7:00 «Таңшолпан». 9:00 «Қыздың жолы». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Сезім мен серт». 12:10 «Қызық екен...». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Менің Фаризам». 14:20 «Ғылым жолы» д/ф. 14:50 «Сағындырған әндер-ай». 15:40 «Жаңа қоныс». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:30 «Гүлдер сыр». 21:25 «Қыздың жолы». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 0:10 Ақпарат. 0:40 «Қазір айтайық». 1:25 «Ашық алаң». 2:15 «Күйеу бала». 3:05 «Қызық екен...». 3:45 «Сағындырған әндер-ай».

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ «Ұлытау облысы «Құмкөл» БМАС. Сорғы қондырғыларын реконструкциялау» жоба бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ (<https://ndbecology.gov.kz/>) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде, 2026 жылдың 20 сәуір мен 24 сәуір аралығында қолжетімді болады. Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. Тапсырыс беруші – «ҚазТрансОйл» АҚ, Астана қ., Тұран даңғылы, 20; e-mail: [G.Abdykalikova@kaztransoil.kz](mailto:G.Abdykalikova@kaztransoil.kz), тел.: **8-7172-791-609**.

БЕЙСЕНБІ 16 СӘУІР

QAZAQSTAN  
5:35 Ақпарат. 6:10 «Күйеу бала». 7:00 «Таңшолпан». 9:00 «Қыздың жолы». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Сезім мен серт». 12:10 «Қызық екен...». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Менің Фаризам». 14:20 «Қалдық экономикасы» д/ф. 14:45 «Сағындырған әндер-ай». 15:40 «Жаңа қоныс». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:30 «Гүлдер сыр». 21:25 «Қыздың жолы». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 0:10 Ақпарат. 0:40 «Қазір айтайық». 1:25 «Ашық алаң». 2:15 «Күйеу бала». 3:05 «Қалдық экономикасы» д/ф. 3:25 «Қызық екен...». 4:05 «Сағындырған әндер-ай».

ХАБАР  
05:00 «Фатмағұл». 07:00 «Ояң!». 09:00

ЖҰМА 17 СӘУІР

QAZAQSTAN  
5:35 Ақпарат. 6:10 «Күйеу бала». 7:00 «Таңшолпан». 9:00 «Қыздың жолы». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Сезім мен серт». 12:10 «Қызық екен...». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Менің Фаризам». 14:20 «Бір тамшы – бір өнім» д/ф. 14:45 «Сағындырған әндер-ай». 15:20 «Көкжиектен асқан үн» күнделігі. 15:40 «Жаңа қоныс». 17:00 Ақпарат. 17:20 «Қазір айтайық». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:30 «Гүлдер сыр». 21:25 «Қыздың жолы». 22:20 «Ашық алаң». 23:10 «1001 түн». 0:10 «Парасат майданы». 0:45 Ақпарат. 1:15 «Қазір айтайық». 2:00 «Ашық алаң». 2:50 «Күйеу бала». 3:40 «Бір тамшы – бір өнім» д/ф. 4:05 «Қызық екен...».

СЕНБІ 18 СӘУІР

QAZAQSTAN  
5:35 Ақпарат. 6:05 «Ауылдастар». 6:40 «Күйеу бала». 8:05 «Көкжиектен асқан үн» күнделігі. 8:30 «Қайран менің жүрегім!». 10:00 «Сезім мен серт». 12:00 «Қайырлы кеш!». 13:50 Дастан Оразбековтің концерті. 16:05 «Рио» м/ф. 17:40 «Қос палата». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:10 «Әлем және біз». 20:30 «Гүлдер сыр». 21:20 «Көкжиектен асқан үн» халықаралық музыкалық жобасы. 23:10 «Бес қару». 0:55 Ақпарат. 1:05 «Қос палата». 1:25 «Әлем және біз». 1:45 «Күйеу бала». 3:10 «Ауылдастар».

ЖЕКСЕНБІ 19 СӘУІР

QAZAQSTAN  
5:35 Ақпарат. 5:45 «Ауылдастар». 6:15 «Бір тамшы – бір өнім» д/ф. 6:40 «Күйеу бала». 8:05 «Өн-дәурен». 10:00 «Сезім мен серт». 12:00 «Көкжиектен асқан үн» халықаралық музыкалық жобасы. 13:40 «Көңіл толқыны». 14:20 «Рио» м/ф. 15:55 «Бес қару». 17:40 «Ақорда». 18:00 «Сезім мен серт». 20:00 Ақпарат. 20:40 «Гүлдер сыр». 21:30 «Қайырлы кеш!». 23:10 Нұрболат Абдуллиннің шығармашылық кеші. 1:00 «Апта». 1:40 «Ақорда». 1:55 «Күйеу бала». 3:20 «Инжу-маржан». 4:10 «Ауылдастар».

МЕНШІК ИЕСІ:

«САРЫАРҚА» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директор – Гүлжахан ТАСБОЛАТҚЫЗЫ  
Бас редактор – Жаннұр ТІЛЕМІСОВА

ХАБАР

05:00 «Фатмағұл». 07:00 «Ояң!». 09:00 «Әлемет». 09:30 «Көзқарас». 10:00 «Эшрефтің арманы». 12:00 «Cover Show». 14:00 М/с «Турбозавры». 14:50 М/с «Барбоскины». 15:00 «Мне бы в небо». 17:00 «Мечта Эшрефа». 19:00 Новости. 19:30 «Представь себе». 21:30 Жаңалықтар. 22:00 «КешRec». 23:00 «Эшрефтің арманы». 01:00 «Фатмағұл».

АСТАНА

06:00 «Келіндер». 07:00 «Қош келдініз». 09:00 «Үкім 2». 10:00 «Қорғансыздар 2». 11:25 «Azil keshi». 12:30 «Телохранитель». 14:30 «Сәке 2». 15:35 «Ана». 17:30 «Ханзада Жумонг». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Қорғансыздар 2». 22:00 «Сөнбеген жалын». 23:20 «Ханзада Жумонг». 00:40 «Алпарслан 2».

родный контроль». 09:30 Мировые новости. 09:45 Әлем жаңалықтары. 10:00 «Эшрефтің арманы». 12:00 «Келінжан». 13:00 «ОйналО». 14:00 М/с «Барбоскины». 15:00 «Представь себе». 17:00 «Мечта Эшрефа». 19:00 Новости. 19:30 Боевик «Вызов». 21:50 Жаңалықтар. 22:20 «КешRec». 23:20 «Эшрефтің арманы». 01:20 «Фатмағұл».

АСТАНА

06:00 «Келіндер». 07:00 «Қош келдініз». 09:00 «Үкім 2». 10:00 «Қорғансыздар 2». 11:25 «Azil keshi». 12:30 «Ищу токал для мужа». 14:30 «Сәке 2». 15:35 «Ана». 17:30 «Ханзада Жумонг». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Қорғансыздар 2». 22:00 «Сөнбеген жалын». 23:20 «Ханзада Жумонг». 00:40 «Алпарслан 2».

ХАБАР

17:00-ге дейін техникалық үзіліс. 17:00 «Мечта Эшрефа». 19:00 Новости. 19:30 Д/ф «Толқын тербеген тағдыр». 20:10 Сборник «Cover Show». 21:30 Жаңалықтар. 22:00 «КешRec». 23:00 «Эшрефтің арманы». 01:00 «Фатмағұл».

АСТАНА

17:00-ге дейін профилактикалық жұмыстар. 17:00 «Қош келдініз». 17:30 «Ханзада Жумонг». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Қорғансыздар 2». 22:00 «Сөнбеген жалын». 23:20 «Ханзада Жумонг». 00:40 «Алпарслан 2».

КТК

17:00-ге дейін профилактикалық жұмыстар.

17:05 «Дворняжка Ляля». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:35 Кешкі жаңалықтар. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Клан ювелиров». 23:40 «Тверская». 1:40 «Дворняжка Ляля». 3:10 «Желаладдин». 4:10 Кешкі жаңалықтар. 4:30 «КТК коржыны». 5:30 «Өнім сен едің».

АСТАНА

06:00 «Келіндер». 07:00 «Қош келдініз». 08:00 «Үкім 2». 10:00 «Қорғансыздар 2». 12:30 «Прокурор». 14:30 «Сәке 2». 15:35 «Ана». 17:30 «Ханзада Жумонг». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Қорғансыздар 2». 22:00 «Сөнбеген жалын». 23:20 «Ханзада Жумонг». 00:40 «Алпарслан 2».

КТК

7:05 Кешкі жаңалықтар. 7:25 «Өнім сен едің».

ХАБАР

05:00 «Фатмағұл». 07:00 «Ояң!». 09:00 «Хақың бар». 09:30 Мировые новости. 09:45 Әлем жаңалықтары. 10:00 «Эшрефтің арманы». 12:00 «Келінжан». 13:00 «ОйналО». 14:00 М/с «Барбоскины». 15:00 «Дубай любой ценой». 17:00 «Мечта Эшрефа». 19:00 Новости. 19:30 «Горол призраков». 21:30 Жаңалықтар. 22:00 «КешRec». 23:00 «Эшрефтің арманы». 01:00 «Фатмағұл».

АСТАНА

06:00 «Келіндер». 07:00 «Қош келдініз». 08:00 «Үкім 2». 10:00 «Қорғансыздар 2». 12:30 «Прокурор». 14:30 «Сәке 2». 15:35 «Ана». 17:30 «Ханзада Жумонг». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Қорғансыздар 2». 22:00 «Сөнбеген жалын». 23:20 «Ханзада Жумонг». 00:50 «Алпарслан 2».

ХАБАР

05:00 «Фатмағұл». 07:00 «Ояң!». 09:00 «Хақың бар». 09:30 Мировые новости. 09:45 Әлем жаңалықтары. 10:00 «Эшрефтің арманы». 12:00 «Келінжан». 13:00 «ОйналО». 14:00 М/с «Барбоскины». 15:00 «Дубай любой ценой». 17:00 «Мечта Эшрефа». 19:00 Новости. 19:30 «Вне времени». 21:30 Жаңалықтар. 22:00 «Қоғам пікірі». 23:00 «Эшрефтің арманы». 01:00 «Фатмағұл».

АСТАНА

06:00 «Келіндер». 07:00 «Қош келдініз». 08:00 «Үкім 2». 10:00 «Қорғансыздар 2». 11:30 «Колтабан». 11:50 «Қарызыз қоғам». 12:30 «Прокурор». 14:30 «Сәке 2». 15:35 «Ана». 17:30 «Ханзада Жумонг». 19:00 «Astanatimes». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Қорғансыздар 2». 22:00 «Сөнбеген жалын». 23:20 «Ханзада Жумонг». 00:50 «Алпарслан 2».

ХАБАР

05:00 «Фатмағұл». 07:00 «Ояң!». 09:00 «Хақың бар». 09:30 Мировые новости. 09:45 Әлем жаңалықтары. 10:00 «Эшрефтің арманы». 12:00 «Келінжан». 13:00 «ОйналО». 14:00 М/с «Барбоскины». 15:00 «Дубай любой ценой». 17:00 «Мечта Эшрефа». 19:00 Новости. 19:30 «Вне времени». 21:30 Жаңалықтар. 22:00 «Қоғам пікірі». 23:00 «Эшрефтің арманы». 01:00 «Фатмағұл».

АСТАНА

06:00 «Келіндер». 07:00 «Қош келдініз». 08:00 «Үкім 2». 10:00 «Қорғансыздар 2». 11:30 «Келіндер» концерті. 13:45 «Казакх против пришельцев». 16:00 «Azil keshi». 17:00 «Sagartimes». 18:00 «Coco&Janbo». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Қорғансыздар 2». 22:00 «Сөнбеген жалын». 23:30 «Сакура итс май лайф».

ХАБАР

5:00 «Фатмағұл». 07:00 «Алғашқы». 08:00 Бағым Мұхитдинованың «Ғашық жүрек» атты концерті. 10:00 М/ф «Звериный рейс». 11:30 М/с «Барбоскины». 12:00 «Из 13 в 30». 14:00 «Өмір өрнегі». 15:15 «Келінжан». 18:20 Док/фильм «Оджда Сүлейменов. Между словом и миром». 19:00 «7 күн». 19:40 Глобальные события. 20:00 «Қызық Times». 21:15 «Работоговля». 23:15 «Фатмағұл».

АСТАНА

06:00 «Әзілің жарасса» концерті. 08:00 «Azil keshi». 09:00 «Үкім 2». 10:00 «Қорғансыздар 2». 11:30 «Месть и закон». 16:00 «Сакен Майгалиевтің 50 жас» концерті. 18:20 «Сен маған керексің». 20:00 «Үкім 2». 21:00 «Қорғансыз-

КТК

7:05 «Өнім сен едің». 8:10 «Желаладдин». 9:20 «Брат или брак 3». 12:40 «Кольцо с рубином». 16:40 «Дворняжка Ляля». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:35 Кешкі жаңалықтар. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Клан ювелиров». 23:40 «Тверская». 1:40 «Дворняжка Ляля». 3:10 «Желаладдин». 4:10 Кешкі жаңалықтар. 4:30 «КТК коржыны». 5:30 «Өнім сен едің».

7-АРНА

6:02 «Зын-зын Күлпәш». 7:00 «Үзілген жапырақтар». 9:00 Телесериал. 11:00 «Ветреный». 13:00 Жаңалықтар. 13:15 Новости. 13:30 «Үзілді әзілдер». 14:40 «Жарқыраған жұлдыз». 15:40 «Өмірші әйел». 17:00 Телесериал. 18:00 Жаңалықтар. 18:30 Телесериал. 19:30 Новости. 20:00 «Ветреный». 22:00 «Үзілген жапырақтар». 23:20 Әзілің жарасса. 1:20 Жаңалықтар. 1:50 Новости. 2:20 Телесериал. 4:50 Жаңалықтар. 5:20 Новости.

КТК

7:05 Кешкі жаңалықтар. 7:25 «Өнім сен едің». 8:10 «Желаладдин». 9:30 Вечерние новости. 10:10 «Тверская». 12:10 «Клан ювелиров». 14:10 «Кольцо с рубином». 16:40 «Дворняжка Ляля». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:35 Кешкі жаңалықтар. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Клан ювелиров». 23:40 «Тверская». 1:40 «Дворняжка Ляля». 2:40 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

6:02 «Зын-зын Күлпәш». 7:00 «Үзілген жапырақтар». 9:00 Телесериал. 11:00 «Ветреный». 13:00 Жаңалықтар. 13:15 Новости. 13:30 «Үзілді әзілдер». 15:40 «Өмірші әйел». 17:00 Телесериал. 18:00 Жаңалықтар. 18:30 Телесериал. 19:30 Новости. 20:00 «Ветреный». 22:00 «Үзілген жапырақтар». 23:20 Әзілің жарасса. 1:20 Жаңалықтар. 1:50 Новости. 2:20 Телесериал. 4:50 Жаңалықтар. 5:20 Новости.

КТК

17:05 «Дворняжка Ляля». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:35 Кешкі жаңалықтар. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Клан ювелиров». 23:40 «Тверская». 1:40 «Дворняжка Ляля». 3:10 «Желаладдин». 4:10 Кешкі жаңалықтар. 4:30 «КТК коржыны». 5:30 «Өнім сен едің».

7-АРНА

6:02 «Зын-зын Күлпәш». 7:00 «Үзілген жапырақтар». 9:00 Телесериал. 11:00 «Ветреный». 13:00 Жаңалықтар. 13:15 Новости. 13:30 «Каспий: Море на грани». Д/ф. 14:10 «Үзілді әзілдер». 15:40 «Өмірші әйел». 17:00 Телесериал. 18:00 Жаңалықтар. 18:30 Телесериал. 19:30 Новости. 20:00 «Ветреный». 22:00 «Үзілген жапырақтар». 23:20 Әзілің жарасса. 1:20 Жаңалықтар. 1:50 Новости. 2:20 Телесериал. 4:50 Жаңалықтар. 5:20 Новости.

КТК

17:05 «Дворняжка Ляля». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:35 Кешкі жаңалықтар. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Клан ювелиров». 23:40 «Тверская». 1:40 «Дворняжка Ляля». 3:10 «Желаладдин». 4:10 Кешкі жаңалықтар. 4:30 «КТК коржыны». 5:30 «Өнім сен едің».

7-АРНА

6:02 «Зын-зын Күлпәш». 7:00 «Үзілген жапырақтар». 9:00 Телесериал. 11:00 «Ветреный». 13:00 Жаңалықтар. 13:15 Новости. 13:30 «Каспий: Море на грани». Д/ф. 14:10 «Үзілді әзілдер». 15:40 «Өмірші әйел». 17:00 Телесериал. 18:00 Жаңалықтар. 18:30 Телесериал. 19:30 Новости. 20:00 «Ветреный». 22:00 «Үзілген жапырақтар». 23:20 Әзілің жарасса. 1:20 Жаңалықтар. 1:50 Новости. 2:20 Телесериал. 4:50 Жаңалықтар. 5:20 Новости.

КТК

7:05 Кешкі жаңалықтар. 7:25 «Өнім сен едің». 8:10 «Желаладдин». 9:30 Вечерние новости. 10:10 «Тверская». 12:10 «Клан ювелиров». 14:10 «Кольцо с рубином». 16:40 «Дворняжка Ляля». 18:30 «Однажды в Чукурова». 20:35 Кешкі жаңалықтар. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Клан ювелиров». 23:40 «Тверская. Любый ценой». 1:40 «Дворняжка Ляля». 3:10 «Желаладдин». 4:10 Кешкі жаңалықтар. 4:30 «КТК коржыны». 5:30 «Өнім сен едің».

7-АРНА

6:02 «Зын-зын Күлпәш». 7:00 «Үзілген жапырақтар». 9:00 Телесериал. 11:00 «Ветреный». 13:00 Жаңалықтар. 13:15 Новости. 13:30 «Каспий: море на грани». Д/ф. 14:10 «Үзілді әзілдер». 15:40 «Өмірші әйел». 17:00 Телесериал. 18:00 Жаңалықтар. 18:30 Телесериал. 19:30 Новости. 20:00 «Ветреный». 22:00 «Үзілген жапырақтар». 23:20 Әзілің жарасса. 1:20 Жаңалықтар. 1:50 Новости. 2:20 Телесериал. 4:50 Жаңалықтар. 5:20 Новости.

7-АРНА

6:02 «Зын-зын Күлпәш». 7:00 «Үзілген жапырақтар». 9:00 Телесериал. 11:00 «Ветреный». 13:00 Жаңалықтар. 13:15 Новости. 13:30 «Каспий: Море на грани». Д/ф. 14:10 «Үзілді әзілдер». 15:40 «Өмірші әйел». 17:00 Телесериал. 18:00 Жаңалықтар. 18:30 Телесериал. 19:30 Новости. 20:00 «Ветреный». 22:00 «Үзілген жапырақтар». 23:20 Әзілің жарасса. 1:20 Жаңалықтар. 1:50 Новости. 2:20 Телесериал. 4:50 Жаңалықтар. 5:20 Новости.

КТК

7:05 «Өнім сен едің». 8:00 «Мәжнүн», өзбек фильм. 9:50 Вечерние новости. 10:30 «Кочевница 4». 14:00 «Однажды в Чукурова». 18:30 «Махаббат әлемі». 21:00 «Тайфун». 0:40 «Кочевница 4». 3:30 «Мәжнүн», өзбек фильм. 5:10 «Махаббат әлемі».

7-АРНА

6:02 Әзілің жарасса. 7:00 «Үзілген жапырақтар». 8:40 «Ну, погоди!». М/с. 9:00 Телесериал. 11:00 «Тому, что было – не бывает». 13:10 Жарқыраған жұлдыз. 14:10 «Шымкент шоу». 16:40 Концерттік бағдарлама. 18:00 Телесериал. 20:00 «Ветреный». 22:00 «Үзілген жапырақтар». 23:20 «Раскайние». 2:20 Гүл-

дар 2». 22:00 «Сөнбеген жалын». 23:30 «Казакх против пришельцев».

КТК

7:05 «Махаббат әлемі». 8:50 «Күзде гүлдеген ағаш», өзбек фильм. 10:20 «Тайфун». 14:00 «Однажды в Чукурова». 18:30 «Абай Бегейдің ән кеші». 21:00 «Портрет недели». 22:00 «Реальная мистика». 1:50 «Тайфун». 3:20 «Күзде гүлдеген ағаш», өзбек фильм. 4:30 «Абай Бегейдің ән кеші».

7-АРНА

6:02 Жарқыраған жұл



## БІЗДЕН ДЕ БІР СӨЗ

Қарсақбай кенті тек қазақ өндірісінің ғана емес, сонымен бірге мәдениет пен руханияттың да қарашаңырағы болғанын көпшілік жақсы біледі. Бұл өңірден талай тұлғалар өсіп, қазақ халқының рухани қазынасына баға жетпес үлес қосқан. Солардың бірі – айтыс өнерінде өзіндік өрнегімен танылған, есімі өткен ғасырдың белгілі ақындарымен қатар аталған Болман ақын ҚОЖАБАЙҰЛЫ. Ақынның шығармашылығы мен өнері бүгінгі күнге дейін қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі болып саналады.



## БОЛМАН АҚЫННЫҢ ҮЙІ:

### ТАРИХИ МҰРА РЕТІНДЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛСЕ

Болман ақынның туған жері – Жезді өзенінің бойы. Алайда ақын өмірінің соңғы жылдарын Қарсақбайда өткізді. Бұл кенттің казак өнеріне, әдебиетіне қосқан үлесі өлшеусіз. Мұнда болашақ ғалым Қаныш Сәтбаевпен кездесіп, ұлы ғалымның көзқарасымен бөлісіп, пікір алмасқан. Болман ақынның ұлы тұлға Қаныш Сәтбаевпен болған сұхбаттары оның рухани дүниесін байытқаны сөзсіз. Ақынның сол кездегі үйі, бүгінде Қаныш Сәтбаевтың үйіне қарсы орналасқан қыраттың үстінде сақталып тұр. Алайда осы үйдің тағдыры әртүрлі уақыттарда өзгеріп, оның тарихи ұмыт қалып барады.

Кешегі 1928-1932 жылдар аралығында ағылшын инженері Джон Вильсон да осы үйде тұрған екен. Қазір бұл үйдің қабырғасында мемориалдық тақта бар, бірақ ол тақта Болман ақынның емес, Джон Вильсонның есіміне арналған. Әрине, бұл да бір тарих, бірақ оның ішіндегі ең бастысы – осы үйде ұлы ақын Болман Қожабайұлының өмірі мен шығармашылығының іздері сақталғаны. Болман ақынның шығармашылығы мен рухани мұрасын ұрпаққа ұсыну мақсатында, үйді тарихи жәдігер ретінде қалпына келтіру идеясы өте маңызды.

Өкінішке қарай, Қарсақбай өңірінде осындай тарихи ғимараттардың көпшілігі уақыт өте келе ескіріп, сақталмай қалуы мүмкін. Дегенмен, басқа өңірлерде осындай тарихи тұлғалардың тұрған үйін қалпына келтіріп, мұражайға айналдыру жұмыстары жүргізіліп жатқанын көріп жүрміз. Мысалы, көрші облыстарда ұлы ақындардың, жазушылардың, батырлардың тұратын үйлерін сақтап, оларды ел

игілігіне айналдырып, жаңа ұрпақтың рухани дамуына үлес қосуда.

Егер Болман ақынның үйін де тарихи жәдігер ретінде қалпына келтіріп, ішін сол заманға сай жабдықтап, Болман ақынның пайдаланған заттарының көшірмелерін қойып, мұражай ретінде ашса, бұл өңір үшін үлкен игілік болар еді. Сонымен қатар, бұл ақынның ұрпақтары мен өнерсүйер қауым үшін де зор маңызға ие болар еді. Ақынның өмірі мен шығармашылығын насихаттап, жас ұрпақты тәрбиелеу тұрғысынан да ерекше орын алады.

Бұл идеяны алға жылжытатын басты тұлға – ақынның ұрпағы Қыдырәлі Болман болуы мүмкін. Оның бұл ұсынысты жүзеге асыруға деген ниеті мен ынтасы зор. Қыдырәлі мен оның зайыбы, мәдениетке қосқан үлестерімен танымал Қарақат та, бәлкім, бұл бастаманы қолдап, ақынның мұрасын сақтауға зор үлестерін қосар деп үміттенеміз.

Қарсақбайда Болман ақынның үйі мен мұражайының ашылуы – тек Қыдырәлі Болман мен Қарақаттың ғана емес, бүкіл қазақ қоғамының рухани міндеті. Болман ақынның үйін қалпына келтіріп, оның ішін бұрынғы дәуірдің ерекшеліктерімен толықтыра отырып, мұражай ашу – тарихи жалын сақтаудың және ұлы тұлғаларға деген құрметтің көрінісі болар еді. Сонымен қатар, бұл бастама болашақ ұрпаққа да үлкен үлгі болар еді. Тек осы тарихи жәдігерлерге деген құрмет пен қамқорлықтың нәтижесінде ғана қазақ мәдениеті мен руханиятының ұлы тұлғалары ұмытылмай, олардың мұрасы бүгінгі ұрпаққа жететін болады.

Досан ДУЛЫҒАЛЫ.  
Сәтбаев қаласы.

## ЖАН СЫРЫ

## ҚҰРМЕТТІ РЕДАКЦИЯ!

Бүгінгі таңда тоқсанның төріне шыққан менің ойымда сан алуан ойлар мен сезімдер толғанып отыр. Өмірімнің ұзақ жолы, көзім көрген қиыншылықтар мен қуаныштар, барлығы мені бүгін осы хатты жазуға итермелейді. Осы бір шағын хат арқылы, мен өз басымнан өткен бір ауыр оқиғаны сіздермен бөлісіп, қазіргі жастарға бір түйінді ой салуды мақсат еттім.

ЖІМ ОЙЛАҒАҢ?...  
САТЫЛДЫ

Мен, Шарбан Рысмағанбетова, Жаңаарқа ауданының қарапайым тұрғынымын. Өзімнің көпті көрген жан екенімді мақтан тұтпаймын, бірақ айтқым келгені, мен сонау 30-ыншы жылдары ашаршылық пен зорлық-зомбылықты басымнан кешірген ұрпақтың өкілімін. Сол кездегі ұрпақтың тәрбиесі мен бүгінгі жастардың тәрбие деңгейі арасындағы айырмашылықты көрген сайын, жаным қатты аң ұрады.

Ешқашан қарттықтың ауыртпалығын сезінемін деп ойламаппын. Бірақ уақыт озған сайын адамның күйі өзгеріп, жасқа жеткен сайын, тіршіліктің ауыртпалығы да артатын сияқты. Осы күндері, өмірден өткен шалымның артынан қалған үйде өзімді жалғыз сезініп, бұрынғыдай тыныштық пен жылылықты іздейтін болдым. Кезінде бірге өмір сүріп, балаларымызды бағып, өсіріп, қартайып қалғанымызда, енді өз балаларыма салмақ болғым келмей, шалымның үйінде жалғыз қалыппын.

Бірақ мені шошытқан ең бір сұмдық жағдай – үйдің құжаттарын алып, оны өз атына ауыстырып, сатуға қойған немеремнің әрекеті болды. Бұл да мен үшін үлкен соққы болды. Оның мені алдап, арбағаны, менің жылдар бойы жинаған дүниемді оңай жолмен өз пайдасына жаратуға тырысқаны жүрегімді ауыртыпты. Шынын айтсам, мен өзімнің немеремнен осындай зұлымдықты күтпеген едім. Ол менің қаным тартқан, өзімді туып-өскен үйімде адал әрі құрметпен сақтап жүрген немерем емес пе еді?! Осы оқиғадан кейін мен оның бар шынайы болмысын көрдім.

Бірақ мен өз құқығымды қорғаудан бас тартпадым. Бірге киналып, бірге өмір сүрген сол үйімді қайтарып алу үшін мен барымды салдым. Немеремнің көзқарасы менің

қарттықтағы ақылыма қарсы шыққан сайын, мен қатты қайғырдым. Бірақ әділдік жеңді. Соттың шешімімен үйім өз атымда қалды.

Бұл оқиғаны жазып отырғанымның себебі – бүгінгі жастардың ішінде қандай қатыгез адамдардың өсіп келе жатқанын бәрі білсін деген ой. Ата-ананың, үлкендердің қадірін білу керек. Біз кешегі уақытта, қиыншылықтың ортасында да бір-бірімізге қолдау көрсетіп, сыйластықта өмір сүрдік. Ал бүгін, бірін-бірі алдап-арбаумен өмір сүргендер көбейіп барады.

Менің өтінішім – бала тәрбиесінде қандай қателіктер жібергенімізді қазіргі жастар түсініп, ескеріп өскенде, олардың жүрегінде сол ізгі қасиеттер сақталады. Өйткені біз үшін ең үлкен құндылық – өз отбасы, өз туған-туысы мен балаларымыз өмірі мен болашағы. Менің бұл хатым бір ғана жеке адамның мұны мен ойы ғана емес, бүкіл қоғамның бүгінгі жағдайына бейжай қарамау қажеттігін еске салатын бір нұсқа болып қалсын деп сенемін.

Жазғанымның соңында, өзіме көмек көрсетіп, әділ шешім шығарған Жезқазған қаласының сотына шексіз алғысымды білдіремін. Құқық қорғаушыларға да ризашылығымды айтамын. Олар әділдік үшін күресіп, менің құқығымды қорғады.

Бәріне амандық тілеймін, әсіресе, қазіргі жастарға, олардың болашақта өздерінің ата-әжелеріне, үлкендерге деген құрметі мен сүйіспеншілігі артып, оларға әділдікпен қарайтындырына сенемін.

Ізгі тілекпен,  
Шарбан РЫСМАҒАНБЕТОВА,  
Жаңаарқа ауданының тұрғыны.

## АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Бір айдан асты, қос шаһарымыздың орталық көшелеріндегі ағаштардың бұтақтары кесіліп, олардың көп бөлігі жалаңаштанып қалды. Бұл шаһарының қажеттілігі туралы сала мамандары түрлі пікір білдіруде, бірақ мені бір сұрақ алаңдатады: жасыл желек қайтадан қалпына келе ме? Әсіресе, өңірдің экологиясы онсыз да қолайсыз жағдайда болғандықтан, мұндай шаралардың болашақта экологиялық жағдайға қалай әсер ететіні туралы ойларым көп.

## ЖЕЛЕКТЕР ҚАЙТА ЖАЙҚАЛА МА?

Өңіріміздің климаттық жағдайы, шілдедегі аптап ыстықты ескерсек, бұл ағаштарды тым көп кесу дұрыс шешім емес деп ойлаймын. Өйткені, кейіннен оларды қайта өсіру оңай болмайды. Көшедегі ағаштар біз үшін жай көлеңке беріп қана қоймай, сондай-ақ ауа сапасын жақсартуға, экологиялық теңдікті сақтауға үлес қосатын маңызды элементтер. Бұтақтарын кесу арқылы жасалған шаралар тек қана ағаштардың сыртқы түрін өзгертіп қоймай, олардың өмір сүруіне де үлкен қауіп төндіреді.

Менің ойымша, бұл ағаштарды жанарту үшін тек құрғап кеткен бұтақтарын алу жеткілікті болар еді. Ал, егер ағаштардың зиянкестерден тазартылуы қажет болса, онда арнайы өңдеу жұмыстарын жүргізіп, әктуе сияқты әдістерді қолдану керек еді. Ағаштардың діңінде құрттар

болса, оларды да тазарту қажет. Бірақ бұл ағаштарды тым қатты кесу экологияға теріс әсер етуі мүмкін.

Жаздың аптап ыстығында, осы ағаштар бізге көлеңке беріп, жаяу жүргіншілерге жайлылық сыйлайтын еді. Енді бұтақтардың кесілгенін көріп, олар қайтадан қалғанды, жасыл желекке орану үшін біраз уақыт өтетінін білеміз. Сондықтан биылғы жаз айларында қала тағы да жасыл желектен айрылып, жалаңаштанып қалмасына кім кепіл?! Осы жағдайдың болашағы маған қатты алаңдатушылық тудырды.

Талдарды кесу экологияның бұзылуына, әсіресе жаз айларында ауа температурасының артуына ықпал етуі мүмкін. Бұл мәселеге қайта оралып, ағаштардың қайта жасыл желекке айналуына мүмкіндік беретін тиімді шараларды қолға алсаңыздар, өз кезегінде табиғаттың қайта қалпына келуіне ықпал ететін болар



еді. Қаламыздың жасыл желегі көп ұзамай бұрынғыдай жайқалып, қала тұрғындарына көлеңке мен тыныштық сыйлайтын күндер де келеді деген үмітпен, аталған мәселеге бейжай қарамай, дұрыс шешім қабылдауға шақырамын.

Дастан ГАЙЫПБЕК,  
Жезқазған қаласының тұрғыны.

## СІЗ, НЕ ДЕЙСІЗ?

Қазіргі таңда сауда орындарының көбінде жаңа өнімдер мен қызметтерді көпшілікке таныту үшін түрлі жарнама құралдары қолданылып, жатады. Бір қарағанда, бұл қалыпты жағдай сияқты көрінуі мүмкін, бірақ сол жарнамалардың бірқатары қоғамда сөзсіз пікірталас тудыратын мәселелерге айналуға. Мәселен, Сәтбаев қаласындағы «Арзан» сауда үйінің жарнамасы осы кезге дейін қала тұрғындарының назарын аудармай қоймады.

«Арзан» дүкенінің саудасын көпшілікке таныту үшін қолданатын дауысы жоғары, құлаққа түрпідей тиетін жарнамасы ешкімді бейжай қалдырған жоқ. Дүкеннің ашылуына жабылуына дейін естілуі мүмкін «Арзан Сәтбаевта» деген тіркесті естіген сайын мені: «Бұл атау қаншалықты дұрыс және ұлы тұлғаның есімін қолдануға қандай мән беріледі?» деген сұрақ мазалайды.

Сәтбаев – бұл Қазақстанның ұлы тұлғасы, геолог, ғылымның алыбы, ұлттың мақтанышы. Оның есімі тек біздің қаламыздың, еліміздің ғана емес, бүкіл әлемнің тарихында алтын әріптермен жазылып тұр. Өйткені, Сәтбаевтың жеткен жетістіктері мен ғылымдағы рөлі сөзсіз аса зор. Ал оның

есімі сауда орындарда жиі қолданысқа түсіп жүргені дұрыс емес деп ойлаймын. Мәселен, Сәтбаев қаласындағы «Арзан» дүкенінің жарнамасы. Оның атауы мен жарнаманың мәтіні, шынында да, орынсыздық туғызып отыр.

«Арзан Сәтбаев» деген атау неге сонша дау тудырады? Бір қарағанда, арзан заттарды сағатын дүкендер көпшіліктің назарын аударуы мүмкін, бірақ бұл жерде Сәтбаевтың есімі мен дүкеннің арзандық мағынасы қалайша үйлеседі? «Арзан Сәтбаев» деген сөз тіркесі ұлы тұлғаның есімін сәтсіз жерде қолдану сияқты сезіледі. Әсіресе, Сәтбаевтың есімін арзан тауарлардың жарнамасында қолдану оның тарихи маңызын төмендетіп, қадірін кетіреді.

## «АРЗАН СӘТБАЕВ»

## НЕМЕСЕ ҚҰЛАҚҚА ТҮРПІДЕЙ ТИЕТІН ЖАРНАМА

Мұнда тек бір дүкеннің атауы ғана емес, оның жанында тұрған дауыстың мағынасы да маңызды. «Арзан Сәтбаевта...» деп айғайлап тұрған жарнаманы естігенде, көбі өз ойында: «Мұндай ұлы тұлғаның есімі осылай ұшыраса, оған қандай құрмет көрсетілуі тиіс?» деп күмәндануы мүмкін. Бұл тек бір мысал ғана, бірақ оның әлеуметтік маңызы зор. Тіпті күнделікті тіршілікте біз қай жерде болса да, ұлы есімдерге деген құрметті жоғалтып алуымыз мүмкін.

Кейбір адамдар «мұнда тұрған не бар», деуі мүмкін. Бірақ меніңше, әрбір ұлы тұлғаның есімі біз үшін үлкен мұра. Егер осындай атауларды орында қолданбасақ, онда қоғамның ой-санасы да әлсірей бастауы мүмкін. Бұл тек жарнама арқылы

өтетін бірқатар күнделікті құбылыс емес, бұл тарихты сақтау, ұлы адамдарды құрметтеу мәселесі. Сондықтан, «Арзан Сәтбаев» сияқты жарнамалардың артында тұрған мағына мен құндылықтар туралы ойлану маңызды. Әрине, қазіргі заманның талаптарына сай бизнес өкілдері өз қызметін насихаттау үшін түрлі тәсілдерді қолданады, бірақ бұл жерде тұлғаның есімін дұрыс, лайықты жерде қолдану қажет екендігін ұмытпауымыз керек. Қоғамдық құндылықтар мен тарихи тұлғаларды құрметтеу әрқашан бірінші орында болуы тиіс.

Сіз, не дейсіз?

Ізбасар ОЙБАС.

Сәтбаев қаласы.